Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы: «Адал еңбекпен мал іздемек – ол арлы адамның ісі.» Абай Құнанбайұлы					

Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. BilimKids дамытушы мультфильмді қосып қарсы алу. “Қайырлы таң” (қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка)	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Сәлемдесу Аспанда күн ыстық. Жерде бізге кім ыстық? Әке мен шешеміз Бәрінен тым ыстық! Жасасын туыстық, Достық пен тыныштық. (қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка)	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Сәлемдесу Атамнан басталар, Әжеммен қосталар. Отбасым мыналар: Ең жақын адамдар. Әкем мен анам бар, Бір туған ағам бар, Бір туған апам бар ... Бәрін жақсы көремін. Еркелеймін, еремін! (қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка)	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. BilimKids дамытушы мультфильмді қосып қарсы алу. “Көңіл күй” (қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка)	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. «Күй күмбірі» Күйді қосып, балаларды қарсы алу. (музыка)
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл күй орнатуға арналған ойындар ұйымдастыру. «Бала тәрбиесі - ортақ іс» ата-аналарға кеңес беру «Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» челленджі аясында: «Менің отбасым – менің мақтанышым» – отбасы күніне арналған іс-шаралар	«Менің үйім - менің отбасым» тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу. «Бір отбасы – бір кітап» кітап бұрышын ұйымдастыру. «Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» челленджі аясында: «Біздің отбасылық дәстүрлеріміз» отбасылық шығармашылық жұмыстар көрмесі.	«Отбасындағы еңбек тәрбиесі» тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу. «Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» челленджі аясында: «Жақсылық жаса» экологиялық акцияға қатысу.	Психолог кеңесі. "5-6 жастағы балалардың жас ерекшеліктері" «Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» челленджі аясында: «Біз тәртіпті отбасымыз» отбасылық шығармашылық жұмыстардың көрмесі, отбасылық дәстүрлерді көрсету.	"Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі" тақырыбында әкелермен әңгімелесу. «Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» челленджі аясында: «Бірге кітап оқимыз».
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: біз топ бөлмесі мен жатын бөлмедегі терезе алды тақтайын дымқыл шүберекпен сүртеміз. Мақсат-міндеттері. Балаларды сумен жұмыс істегенде келесі ережелерді сақтауды үйрету: жеңді түру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, кірлегенде сумен шаю. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті) «Менің Қазақстаным»: Қазақстан Республикасының Әнұранын орындау. (музыка, танымдық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Қазақстан Республикасының Әнұранын орындауда әннің сөздерін анық айту, орташа (қатты) дауыспен ән айту. Дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Қазақстан мемлекетінің рәміздеріне	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: кітап бұрышындағы еңбек. (кітаптарды қалпына келтіру) (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауды, оларды мұқият желімдеуді үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптармен ұқыпты жұмыс істеу, тәртіп сақтауға тәрбиелеу. «Бір кітап» «Шежіре ағашы» дидактикалық ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі) Мақсат-міндеттер. Шежіре ағашы ұғымын бекіту, отбасы мүшелерінің атауларын еске сақтауға ынталандыру. Шарты. Балалар отбасы мүшелерінің суреттерін орындарына орналастыра	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: өсімдіктерді құнарландыру. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балаларға өсімдіктердің қоректік заттарды топырақтан алатынын, біртіндеп топырақтың құнары таусылатынын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйеніп, өсімдіктердің топырағын құнарландыру қажеттілігі туралы айту, нақты іс-әрекетпен көрсету. «Кітап – менің қазынам» «Мобильді кітапхана», «Оқуға құштар мектеп» жобалары аясында балалар мен ата-аналарды кітап оқуға баулу. Жапсырудан ойын-жаттығу "Анашымның тосабы" (шығармашылық іс-әрекет)	«Жас тыңдарман» Ыбырай Алтынсариннің «Әке мен бала» әңгімесі. https://bilimkids.kz/regime-process/118?l=6&l=8 (қарым-қатынас іс - әрекеті) Мүсіндеуден ойын-жаттығу "Ағасы бардың жағасы бар" (шығармашылық іс-әрекет) Міндеттер: балаларды түрлі-түсті ермексаздарды есу, домалақтау, жалпайту әдісін қолдана отырып, адамның мүсінін жасауға үйрету; қолдың ұсақ моторикасын дамыту мақсатында түрлі пішіндерді алақандарымен жасауды дамыту. Сейфолла Оспановтың «Бақыт деген не өзі?» (қарым-қатынас іс-әрекеті)	"Ұлттық сезім" күні «Өнегелі тәрбие» Еңбек: өз төсегімізді жинауды үйренеміз. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балаларда өз төсегін ұқыпты ұстау дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқаға көмектесуге ұмтылыстарын тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету дербестігі мен дағдыларын дамыту. Логикалық ойын: Дьюнеш ойын жиынтығы «Не жоғалды?» (танымдық іс-әрекет) Міндеттер: Балалардың логикалық ойлау қабілетін дамыту.

	құрмет көрсету, оның маңыздылығын түсінуге жағдайлар жасау. Отансүйгіштікке тәрбиелеу. «Балалар кітапханасы» жобасы Фотосуреттерді қарастыру. «Әкем, Анам және мен» суреттер көрмесі. (шығармашылық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Фотосуретте бейнеленген өздерінің отбасы туралы әңгімелеу. Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу. Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге үйрету. BilimKids дамытушы мультфильм Жеті атам https://youtu.be/B8CHjRWi3jE	отырып, олардың әрқайсын атап, алдарындағы шежіре ағашының сызбасын толтыруға тиісті. Педагог балалармен сөздік жұмысын жүргізеді. Шежіре ағашы, отбасы, ата, әже, әке, ана, ұл (Алан), қыз (Дана) сөздерін айтқызу. Балаларға отбасы мүшелерінің атауларын пысықтауға мүмкіндік береді. Ойынның соңында педагог балаларды мақтайды. Үстел үсті ойыны. "Бұл үйде кімдер тұрады?" (қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардың сөздік қорын арттыру, еске сақтауды дамыту. Шарты. Тәрбиеші үйдің терезесінен отбасы мүшелерінің суретін көрсетеді, балалар оларды атайды.	Міндеттер: балаларды тосапқа арналған ыдыс трафаретін түрлі-түсті және қатырма қағаз бетіне қарындашпен бастырып, нобайы бойымен кесіп алуға, екеуін бір-біріне желіммен жапсыруға, алмалар және алмұрт трафаретін түрлі-түсті қағазға бастырып, тең ортасына бүктеп, бір-бірінің үстіне жапсыруға, дайын жемістерді тосапқа арналған ыдыстың бетіне жапсыруға үйрету. «Кім немен айланысады?» интервью ойыны (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балалардың сөздік қорын жақын адамдардың қасиеттері мен айналысатын кәсібін сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту. Туыстық қарым-қатынасты ("бауыр", "немере", "шөбере", "ағайын", "туысқан", "жеті ата") білдіретін сөздерді қолдануды үйрету. Мысалға сұрақ: Әкең немен айланысады? Ол кім? Жауап: Әкем көлік жөндеумен айналысады. Ол көлік жөндеу шебері.	Мақсат-міндеттер. Шағын тақпақтарды жаттау, кітапқа қызығушылықты арттыру. Бақыт деген, шырағым Мынау әсем тұрағың. Ну ормандар, гүл бағы, Күннің күліп тұрғаны БАҚЫТ- дәні далаңның. «Ботам» деуі әжеңнің, Тыныштығы әлемнің.	«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» "Тақия тастамақ" ұлттық ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Қазақ ұлттық ойындарға баулу. Ынталыққа, дербестікке баулу. Балаларды жылдамдыққа, сезгіштікке, сақтыққа, тапқырлыққа үйрету. Барысы. Балалар дөңгелене шеңбер құрып отырады. Балалардың арасынан бір бала таңдалады да қалғандары көздерін жұмып отырады. Таңдалған бала дөңгеленіп отырған балалардың сырт жағымен ақырын жүріп, бір баланың артына тақияны білдірмей тастап кетеді. Тәрбиешінің белгісінен кейін балалар көздерін ашады. Жан жағына жылдам қарап, тақияның өзінде екенін білсе, жылдам орнынан тұруы керек. Егер орнынан дер кезінде тұра алмаса, онда өз өнерін көрсетеді. Тақпақ, өлең, би және тағы басқа. Орнынан тез тұрып үлгірген балаға ұлттық ою өрнек бейнесі беріледі. Көп ою жинаған бала жеңімпаз болады.
Ертеңгілік жаттығу	Затсыз жаттығулар кешені (дене тәрбиесі) 1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқтың арасы сәл алшақ, қол белде. 1 - 4 - басты оң жаққа айналдыру, бастапқы қалыпқа келу. 1 - 4 - басты сол жаққа айналдыру, бастапқы қалыпқа келу. 2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқтың арасы сәл алшақ, қол белде. 1 - 2 - денені оң жаққа бұру, бастапқы қалыпқа келу 3 - 4 - сол жаққа бұру, бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 3-4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқтың арасы сәл алшақ, қол белде. 1 - оң аяққа еңкею. 2 - ортаға еңкею. 3 - сол аяққа еңкею. 4 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 3-4 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: дене тік, аяқтың арасы сәл алшақ, қол белде. 1 - 4 - оң аяқпен секіру. 1 - 4 - сол аяқпен секіру. 1 - 4 - екі аяқпен секіру. 5. Тыныс алуды реттеу жаттығуы.				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Көркем сөз				

	Нан – ардақты адал ас Кәрі, жас одан аттамас. Ақ дастархан үстінде, Қол жумай оны ұстамас.(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	«Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау. "Аналар мектебі": Балалар кітапханасы: отбасы туралы мақал-мәтелдер оқу, жеті ата туралы мәліметтермен бөлісу. "Күй күмбірі": "Бауырым" (Қаршыға Ахмедияров) https://kitap.kz/music/2/qarshyha-axmediyarov-kujler-iii «Өнегелі»: Эмоциялар мен сезімдер. Тақырыбы: «Мен өзімді қалай сезінемін?» Мақсаты: балаларға өз эмоцияларын анықтауды және білдіруді үйрету.				
	«Адал азамат. Үлкенді құрметтеу». Әңгімелесу: «Үлкенді сыйлау — әдептіліктің белгісі» (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері: Балаларға үлкендерді құрметтеу, кішіге қамқор болу туралы түсінік қалыптастыру. Қазақ халқының салт-дәстүрі мен адамгершілік құндылықтарын насихаттау. Балалардың тыңдау мәдениетін, сөйлеу мәдениетін дамыту. Жақсы мен жаманды ажырата білуге тәрбиелеу. https://bilimkids.kz/kk/regime-process/7168?l=92&l=95 Көркем сөз үлгілері: «Үлкенді сыйлау — әдептіліктің белгісі.» «Ата сөзі — ақылдың көзі, Әже сөзі — тәрбиенің өзі.» «Жақсы сөз айтқан бала, Жақсылыққа бастайды.»	«Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». Мен және менің қауіпсіздігім" ой түзеу сәті. Мобильді құрылғы. Балалардың мобильді құрылғыларды қолдану кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін білу туралы ақпараттарды тиянақтау; күніне ата-аналардың рұқсатымен 30 минуттан артық емес мобильді құрылғыларды қолдану маңызды екендігіне қарапайым өмірдегі мысалдар арқылы көз жеткізу; көз пікірін білдіруге үйрету; өз қауіпсіздігі үшін алғашқы жауапкешіліктерді түсінуге көмектесу.	Отбасы туралы мақал-мәтелдер жаттау. (қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет) Мақсат-міндеттері. Балалардың мақал-мәтелдерді тыңдауға, көркем сөзге қызығушылықты арттыру. Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу. Отан – қуат, Отбасы – шуақ. Отбасының өнегесі – Отан өнегесі.	"Менің отбасым" тақырыбы (суреттері) бойынша әңгімелеу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу. Байланыстыра сөйлеуді дамыту. Туыстық қарым-қатынасты ("бауыр", "немере", "шөбере", "ағайын", "туысқан", "жеті ата") білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары, татулық, жақындық, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу.	«Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». "Мен құмануға да, сенбеуге де құқылымын" ой жинақтау сәті. Балалардың қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу; өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындамау, олардың соңынан ермеу); қарапайым оқиғалар, шығарма кейіпкерлерінің әрекеттері мысалдарында жеке қауіпсіздігінің маңызды екендігіне көз жеткізу, талқылау; көз пікірін білдіруге үйрету.
Кестеге сәйкес ҰІӘ	Тіл дамыту "Отбасында біз бесеуміз". Мақсат-міндеттері. Балаларды отбасы мүшелерімен таныстырып, баланың тілдік қабылдау нәтижелерін, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру. Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру. Сауат ашу негіздері "Буынға бөлейік" Мақсат-міндеттері. Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету. Сөзде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын үйрету.	Дене тәрбиесі "Паровоз алдыға басып барады". Мақсат-міндеттері. Балаларды бір қатармен жүгіру; алға қарай 3-4 м қашықтыққа жылжу арқылы секіру; биіктігі 40 см жіптің астынан қолды еденге тигізбей еңбектеуді үйрету. Балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, икемділікті дамыту. Қоршаған әлеммен танысу "Балабақша қызметкерлерінің еңбегі". Мақсат-міндеттері. Балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы	Сауат ашу негіздері "Сөзбен танысайық. Сөздер мен дыбыстар". Мақсат-міндеттері. Сөз бен дыбыс туралы түсінік беру. Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Дыбыстардың дауысты және дауыссыз болып бөлінетіні жөнінде мағлұмат беру. Жазуға қолдарын жаттықтыру. Тіл дамыту "Отбасым" Мақсат-міндеттері. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу: әңгіме құрастыруда 3-6 сөзден тұратын сөз тіркестерін қолдану. Сюжеттік суреттер сериясын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін	Қоршаған әлеммен таныстыру "Отбасы және туыстарым" Мақсат-міндеттері. Балалардың отбасы туралы түсініктерін тиянақтау. Туыстық байланыстарды түсіну (өз жұрты, атасы мен әжесі, жақын туыстары, нағашы жұрты). Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсету, үй шаруасына көмектесу, отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру, алғыс айту, сыпайы сөйлеу. Отбасындағы өзара көмек сезімін тәрбиелеу. Қазақ тілі "Отбасы мүшелері". Міндеттері. Балалардың отбасы мүшелері мен туыстары туралы	Көркем әдебиет Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Қазақ тілі» өлеңін мәнерлеп оқу Мақсат-міндеттері. Балаларды Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Қазақ тілі» өлеңімен таныстыра отырып, мазмұнын мәнерлеп айтуға дағдыландыру; шығарманы мәнерлеп оқу техникасын қалыптастыру; тұрақты сөз тіркестерінің мағынасын түсіндіру; тыныс алу жүйесін, дыбыстық сөйлеу мәдениетін жетілдіру; кітапқа деген қызығушылығын дамыту; ой-қиялды жетілдіру; білімге деген құштарлықты қалыптастыру; ана тілін құрметтеуге тәрбиелеу. Сауат ашу негіздері

	Қазақ тілі "Дыбыстар әлемі". Мақсат-міндеттері. Балалармен бірге сауат ашу әлеміне саяхат жасау арқылы дыбыстар мен әріптер туралы түсінік беру. Фонематикалық естуді дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, h дыбыстарын айтуға дағдыландыру; дыбыстарды бір-бірінен айыра білуді үйрету және дыбыстау арқылы әріптерді айтқыза отырып, әріп сырын ұғындыру. Балаларға сөйлем туралы түсінік беру. Сурет бойынша әңгіме құрастыру арқылы сұрақтарға толық жауап беруді үйрету. Баланың зейінін арттыру, сөздік қорын, тіл байлығын дамыту; ұғымталдыққа, әдептілікке тәрбиелеу. Математика негіздері "Мен отбасымда нешіншімін?" Мақсат-міндеттері. Балаларға реттік сан есімдер туралы ұғымдарын жандандыру; геометриялық пішіндер мен денелерді ажырату біліктерін жетілдіру;"екі" цифрымен таныстыру. 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санаудың негіздерін қалыптастыру.	түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау. Үйлесімді қарым-қатынас жасау, еске сақтау қабілеттерін дамыту. Көркем әдебиет М. Төрежанов «Қамқорлық». Мақсат-міндеттері. Қамқорлық ұғымы туралы түсінік беру, әңгімені әмоционалды қабылдап, мұқият тыңдауды үйрету. Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту. Математика негіздері "Мен отбасымда нешіншімін? (Бекіту)" Мақсат-міндеттері. Реттік сандармен санау біліктерін бекіту. Тура және кері санау дағдыларын пысықтау; геометриялық фигуралар мен денелерді ажырата білу, бес не одан да көп объектіні биіктігіне қарай салыстыру дағдыларын жетілдіру; сандық қатармен, «екі» саны мен цифрымен таныстыруды жалғастыру; зейін, қабылдауды дамыту; үлкендерді құрметтеуге, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	білдіретін сөздерді дұрыс таңдау. Сюжеттер сериясын бірыңғай сюжетке біріктіру білігін қалыптастыру. Әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға жауап беруге баулу. Отбасы мен достарына сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Музыка "Менің әжем ең жақсы адам" Мақсат-міндеттері. Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру. Балаларды нотамен таныстыруды жалғастыру; әннің сипатын ажырата білуге үйрету. Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету. Музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен қимылдау, қимылдарды бір мезгілде бастау дағдысын жетілдіру. Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті, музыка мәдениетін қалыптастыру. Дене тәрбиесі "Төрт тағандап жүріп, допты баспен итеру". Мақсат-міндеттері. Балалардың сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін және баянат (рапорт) қабылдау ережесін қалыптастыру; еңбектеп жүріп, допты баспен итеруді үйрету. Балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: шыдамдылық, икемділікті дамыту	білімдерін дамыту және толықтыру, отбасы туралы ұғымдарын кеңейту. Фонематикалық естуді дамыту, қазақ тіліне тән дыбыстарды айтуға дағдыландыру; [-қ] дыбысымен таныстыру, сөздер мен сөз тіркестеріндегі [-қ] дыбысын дұрыс дыбыстауды үйрету; отбасы мен туыстық атауларды білдіретін сөздерді қазақ тілінде түсінуге, айтуға, қолдануға дағдыландыру; айтылым, тыңдалым және еркін диалогке түсу қабілеттерін дамыту; отбасы мүшелері мен жақындарына сүйіспеншілік пен мейірімділікке тәрбиелеу. Музыка "Сағындым, әже, сағындым" Міндеттері. Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру. Балаларды нотамен таныстыру және нота атаулары туралы түсінік беру; әнді тыңдай отырып, мағынасын түсініп, сипатын ажырата білуге үйрету. Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету. Музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен қимылдау, қимылдарды бір мезгілде бастау дағдысын жетілдіру. Мүсіндеу "Көмекшіміз". Мақсат-міндеттері. Балаларды тұзды қамырды жұмсарту; қамырдың үлкен кесегінен кіші кесекті үзіп алу, қамырды домалату, жалпайту, жаю, шымшып бір-біріне біріктіру әдістерін пайдалана отырып мәнті жасауды үйрету. Тұзды қамырдан мүсіндеудің ерекшеліктерін білуге үйрету. Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану. Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау.	"Буынға бөлейік. Қайталау". Мақсат-міндеттері. Буын туралы ұғымдарды қалыптастыруды, буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйретуді жалғастыру. Сөзде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын пысықтау. Математика негіздері "Отбасында кімдер бар?" Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы «екі» саны мен цифры жайлы білімдерін нақтылау. Реттік сан туралы түсініктерін жандандыру; заттарды санау арқылы салыстыра білу дағдыларын қалыптастыру; ой-өрістерін, көру қабілеттерін дамыту; отбасы мүшелеріне қамқорлық танытуға, тиянақтылыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу. Дене тәрбиесі "Спорт - көркі өмірдің". Мақсат-міндеттері. Балаларда қос қолмен допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру; биіктігі 40 см жіптің астынан қолды еденге тигізбей еңбектеу дағдыларын дамыту. Балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: шыдамдылық, икемділікті дамыту.
2-ші таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын дамыту: белгілі тәртіпке сәйкес киімін шешіп (киіп), шкафтағы орнына орналастырып; киінуде құрдастарына көмекке келуге ынталандыру; гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру: ережені, тазалықты, әдептілікті сақтау. (өзіне-өзі қызмет көрсету, мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) «Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». Балалардың жеке бас қауіпсіздігі және денсаулықты сақтау қауіпсіздігі, табиғатты сақтауға қатысты қарапайым ережелерді қайталау, белгілеу; "дұрыс" не "дұрыс емес" үшін жауапкершілікті сезіне білуге көмектесу; зеректікке, сыпайылыққа тәрбиелеу.				

Серуен	Мысықты бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Мысықтың бақылау; мысықтың тіршілігіне қызығушылығын арттыру. Көркем сөзді мәнерлеп айтуға машықтандыру, артикуляцияны, есте сақтау қабілетін дамыту; мысыққа қызығушылықты арттыру. Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу. Н. Арынова "Мысығым". Тікірейіп құлағы, Менен бұрын тұрады, Бойын жазып, керіліп, Беті-қолын жуады. Қасымнан қалмайды, Көзін қысып алдайды. Ойнатсам да күнімен, Ойыны бір қанбайды. «Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: бақшада піскен көгөністерді жинау. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Көгөністерді қазып алуды үйрету; бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, жауапкершілікке баулу; топпен бірге жұмыс істеуге ұмтылысын тәрбиелеу. "Мысық пен тышқан" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартына сай ойнауға, рөлді дәл атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, жылдам жүгіруге машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Мысығымыз момақан, Жүреді аулада аңдамай. Тышқан көрсе - бас салады! Кім тышқанды құтқарады? "Допты түсіріп алма" ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Допты қағып алу біліктілігін жетілдіру; сөздік қорды байыту; заттарды топтастыра білу	Желдің соғуын бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Задачи. "Өлі табиғат" ұғымымен таныстыру (жел). Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу. Сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу. Жұмбақ. Қанаты жоқ – ұшады, Аяғы жоқ – қашады. (Жел.) Бақылау: балалардың бақылау дағдыларын қалыптастыру; желдің соғуын анықтау; ағаштардың қозғалуы, бұлттардың аспанда көшіп жүруі, қатты желден ағаштардың жапырақтарының түсуі, желдің бағытын анықтау. Жаздың күні жел қандай болады; баяу жел, қатты жел, ағаш басының тербелуі; күзбен салыстыру. Тәжірибе. Желге қарсы жүгіру. Қорытынды. Желге қарсы жүгіру қиын. «Желбезекпен жүгіру» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Желбезекті қолға алып жарысу, кім бірінші мәреге жетеді, сол жеңімпаз болады. «Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: тәрбиешіге көмек. (еңбек іс-әрекеті) Үлкендерге қызмет көрсету. Ауланы тазартуға қатыстыру, жапырақтарды жинау. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестікке, жауапкершілікке баулу. «Айгөлек» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: ұжымдық ойында жылдамдықты, күш-жігерді, белсенділікті, ептілікті, шапшаңдықты көрсете білуге дағдыландыру;	Барқытгүлді бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері: тірі табиғат, өсімдік түрі, барқытгүл жайлы түсініктерін дамыту; гүлдерді сыртқы белгілеріне қарап ажырату дағдыларын қалыптастыру; өсімдіктерге деген тұрақты қызығушылық пен оларды күтіп-баптауға деген ұмтылыс тәрбиелеу. Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу. Барқыгүлдер сұлу қандай! Оттай көздері жанғандай. Қажеті не? Гүлді жұлмаңдар, Нәзік, хош иісін сақтаңдар. (Д. Ахметова) – Балалар, қалай ойлайсыңдар, бұл гүлдерді неге "барқыт" деп атаған? – Барқытгүл – жаз мезгілінің гүлі, сондай-ақ күздің жылы күндерінде де гүлдей береді. Бұл өсімдік аса күтімді қажет етпейді, күтіп-баптасаң, кез келген жерде өсе береді. – Бұл гүлдер ыстыққа және құрғақшылыққа төзімді, күнді жақсы көреді. Қараңдаршы, қандай әдемі! Түстерін атап көріңдерші. Дұрыс, олар сары және қызғылт сары түсті. Күлтелері толқынды, үлпілдек, барқыт сияқты жұмсақ – сондықтан оларды бархат деп атаған. – Қаламыздың (ауылымыздың) қай жерлерінен, көшелерінен осы гүлдерді көрдіңдер? – Дұрыс. Барқытгүл аллеяларды, бақтарды, саябақтарды, аулаларды әсемдеуге қолданылады. Олар күн мен жазды еске салады, көз қуантады. – Ал енді, барқыт гүлін қалай өсіреді? – Иә, гүлді суарып тұру керек, топырағын қопсыту қажет, солып қалған гүлдерді алып тастап отыру керек, себебі олар жас бүршіктердің өсуіне кедергі келтіреді. – Барқытгүлдің тұқымдарына қараңдаршы: ұзын, жіңішке таяқша тәрізді, сұрғылт ұштары бар.	Бақшадағы сәбіз бен қызылшаны бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Көгөністерді туған өлке, бақша өсімдіктері ретінде көруге ынталандыру; "бақша" ұғымын тиянақтау; салыстырмалы талдау жүргізуді үйрету; көгөністерге тән ерекшеліктер туралы ойларын бекіту, олардың өсуіне қажетті жағдайларды атау. Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу. Зерттеу. Сәбіз бен қызылшаның тұқымын анықтау (түсі, мөлшері). Топқа (табиғат бұрышына) отырғызу үшін қызылша мен сәбізді қазып алу. Көгөністі көп ектік, Өссін, піссін деп ектік, Көктемде еккен көгөніс, Күзде берді көп өнім. «Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: бақшадағы егінді жинау. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Көгөністерді қазуды үйрету; шамасы келетін, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, жауапкершілікке, топпен жұмыс істеуге ұмтылыстарын тәрбиелеу. "Көгөністерді ата" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Көгөністердің атауларын бекітіп, допты қағып алу іскерліктерін жетілдіру. «Айгөлек» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: ұжымдық ойында жылдамдықты, күш-жігерді, белсенділікті, ептілікті, шапшаңдықты көрсете білуге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	Ересектердің жұмысын бақылау. Аула сыпырушы (зерттеу, танымдық, қарым-қатынас) Мақсат-міндеттер. Ересектердің еңбегі туралы білімдерін кеңейту; аула сыпырушының еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын түсінуге, бағалай білуге тәрбиелеу. Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу. Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды. - Аула сыпырушыға жазда қандай еңбек құралдары керек? (күрек,сыпырғыш, шелек) - Ол жазда қандай жұмыс істейді? (жолдағы түскен жапырақтарды, қоқсықтарды тазалайды) - Аула сыпырушының еңбегі қажет пе? (Балабақша ауласы таза болуы үшін керек). Дидактикалық ойын: «Кімге, не керек?» Мақсат-міндеттер: балаларға адамдарға жұмыс құралдары қажет екенін түсіндіру, өздігінен жұмыс істеуге деген құштарлықты қалыптастыру. «Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: ауланы сыпыру, тазалау. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: аула сыпырушыға тротуарды тазалауға көмектесу. "Қарақұс пен балапандар" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Тәрбиешінің нұсқау-бұйрықтарын тыңдай білуге дағдыландыру, зейінді дамыту; шапшаңдыққа, алғырлыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу. Ойыншылар "қарақұс" пен "тауықты" санамақ арқылы таңдайды. Қалғандары "балапандар" болып ойынға қатысады. Олар "тауықтың" артына тізіліп (6-8 бала болып)

	қабілетін, ой шапшаңдығын дамыту. Балалар шеңберде тұрады, кімнің қолына доп түссе, ол оны түсіріп алмай, келісілген топтамаға жататын заттың бірін атау керек. "Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта екі аяқпен жылжып, бағытты өзгертіп секіруге дағдыландыру. Балалардың секіретін жолының бойына әрқалай орналасқан шақпақтар немесе шеңберлер салынады (немесе шеңберлер төселінеді). Күрделенуі: 1) сызықтардан уақытқа жылдам секіруге шақыру. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар: жүгіру техникасын жетілдіру. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Қимыл-қозғалыс координациясын дамыту.	ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Айгөлек ойыны кең алаңда өткізіледі. Ойыншылар саны мен жас шамасына қарай екі топқа бөлінеді де, арасы 15-20 метрдей жерде қол ұстасып қарама-қарсы тізбек құрып тұрады. Ойын жүргізуші екі топтың біреуіне кезек береді. Айгөлек-ау айгөлек, Айдың жүзі дөңгелек. Теміршіден дем шығар, Үзеңгіден дем шығар. Ақ терек пен көк терек, Бізден сізге кім керек? Тізбек үзілген жағдайда, шабушы ойыншы қарсыластардың бірін өз тізбегіне қосып алады. Тізбек үзілмесе, шабушы - қарсыластардың тізбегіне қосылады. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Қазан». (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу, қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу. Өз бетімен ойындар ойнау: «Желбезекпен ойын». (дене тәрбиесі) Қолайлы жағдайларды жасау, алаң ішінде іс-қимылдарды дамыту. Көтеріңкі көңіл күйде болу.	«Өнегелі тәрбие». Экология. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: гүл тұқымын жинау. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Жұмысты бірлесіп орындауға ұмтылысты дамыту, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, жауапкершілікке баулу. Қауіпсіздік. Еңбектегі қауіпсіздік ережелерін қайталау, қадағалау. «Тауық қорасындағы түлкі» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: жалтарып жылдам жүгіре білуге, қимылдарды үлестіруге дағдыландыру; күш-жігерді шапшаңдықты, шыдамдылықты дамыту. Қимылдауда қауіпсіздікті қалағалау. Алаңның бір жағында «тауық қора» орналасады. Ол үшін орны сызылады. Бұл жерге тауық, балапандарды сомдайтын балалар жиналады. Алаңның қарама-қарсы жағында «түлкінің іні» орны сызылып, түлкіні сомдайтын бала санамақпен таңдалады. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойындары. «Соқыртеке» ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Кеңістікті бағдарлау, тепе-теңдікті сақтау, қимылдарын үйлестіре білуді, бір-біріне кедергі жасамауға дағдыландыру; түйсік, зейін қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Бадминтон. Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып лақтыру. (дене тәрбиесі)	Айгөлек-ау айгөлек, Айдың жүзі дөңгелек. Теміршіден дем шығар, Үзеңгіден дем шығар. Ақ терек пен көк терек, Бізден сізге кім керек? Тізбек үзілген жағдайда, шабушы ойыншы қарсыластардың бірін өз тізбегіне қосып алады. Тізбек үзілмесе, шабушы - қарсыластардың тізбегіне қосылады. "Шеңберден шеңберге" жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды жерде жатқан бір шеңберден екінші шеңберге секіріп өтуге машықтандыру; секіріп жылжығанда мұқият болуға, шеңбердің шетін баспауға дағдыландыру; шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Құралдар: үш-төрт шеңбер. "Кеглиді қағып ал" жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Допты тура бағытта домалатып, алшақта тұрған кеглиді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар: жүгіру техникасын жетілдіру. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Қимылдарды үйлестіруді дамыту.	тұрады. Ойын алаңының бір шетінен қарақұстың "ұясы" сызылады. Педагог: "Қарақұс!" деп, белгі бергенде "қарақұс" "тауықтың" артында бір-бірінің белінен ұстап тізіліп тұрған балапандардың ең соңғысын ұстап алуға ұмтылады. "Тауық" болса - екі "қанатын" (екі қолын) екі жаққа соза, балапандарын қорғаштайды. Балапандар қарақұсқа алдырмауға тырысады. Олар тізбекті бұзбауға тиіс. Ұсталған балапандарды "қарақұс ұясына" алып кетеді. Екі-үш балапан ұсталған соң, ойын жүргізушілер қайта сайланып, ойын қайта басталады. Педагог ойынның алдында балалармен қауіпсіздік ережелерін қайталау керек. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Қазан». (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу, қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу. "Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта екі аяқпен жылжып, бағытты өзгертіп секіруге дағдыландыру. Балалардың еркін ойындары. Балалардың өз өміріне қажетті дағдыларды игеруге ықпал ету. (қарым-қатынас іс-әрекеті, дене тәрбиесі)
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: қол жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды, жеке тарақты жеке гигиена заттарын пайдалану; қажеттілігін түсінуге мүмкіндіктер жасау; гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. «Үнемділік». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарай білуді қалыптастыру. "Суды саусақ арасынан құр өткізген обалы". (Д. Ахметова)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.				

	«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Көркем сөз Нан – ардақты адал ас Кәрі, жас одан аттамас. Ақ дастархан үстінде, Қол жумай оны ұстамас.(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытады. Аудио тыңдау М.Беспаевтің «Әлди, әлди әні». (музыка)				
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	Велосипед жаттығуы. Қол мен аяқты жоғары көтеру, аяқты кезек-кезек сермеу. Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекіту, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене тәрбиесі, дербес әрекет)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Сюжетті-рөлдік ойын. "Отбасы". (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардың отбасы мүшелері жөнінде ұғымдарын нығайту; отбасы мүшелерінің өз үйлерінде атқаратын рөлін пысықтау; үлкенге құрмет, жақындарына сүйіспеншілік сезімдеріне тәрбиелеу. Құралдар.Отбасы мүшелеріне қажет заттар: көзілдірік, ыдыс-аяқ, алжапқыш, ойыншық-саймандар, кітап, газет, сыпырғыш, шелек пен сүлгі, ойыншықтар, ойыншық тұрмыстық техника және тағы басқа заттар мен киім үлгілері. Шарты. Балалар отбасы мүшелерінің рөлдерін өзара бөлісіп жатады, өздеріне қажет киім және құралдарды алып орындарына барады. Педагог балалармен бірлесіп, күн тәртібінде қандай оқиғаны сомдау қажет екенін анықтап жатады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, пысықтау сұрақтарын қояды. Жас зерттеуші "Аквариумдағы балықтар" Мақсат-міндеттер: балаларға табиғат бұрышындағы жануарларға (балыққа) күтім жасаудың қарапайым тәсілдерін	«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» «Түйілген орамал» ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Балаларға ойын ережесін сақтап, бірлесіп ойнауды, әділ болуды үйрету. Дидактикалық ойын. "Сөздер тізбегі". (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардың сөздік қорын байыту, ой шапшаңдығын, зейінін дамыту; өзара жағымды қатынастарды нығайту. Шарты. Педагог балаларға қандай сала туралы сөздерді құрастыратындарын айтады. Осы жағдайда "Отбасы" тақырыбы қарастырылады. Педагог "Отбасы" ұғымына байланысты сөздің бірін айтып, кезекті келесі отырған балаға береді. Сөзді жылдам таба алмаған бала айыбын өтейді, өз өнерін көрсетеді. «Адал азамат. Әділеттілік - адамгершілік». "Дұрыс па, бұрыс па?" жаттығуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды	Балаларға поэзия оқу. Н.Исахметов. "Әже" (қарым-қатынас іс-әрекеті) Әжем менің әлі де, Ұқсамайды кәріге, Шай қайнатып береді, Қажет болса бәріне. Базарға өзі барады, Бәрін сатып алады. Суды сырым әкелсе, Жүсіп отын жарады. Жұмсайды әжем мені де, Тауыққа жем беруге. Ауырады кей кезде, Аяғы да, белі де. Біз дәрісін табамыз. Қамқорлыққа аламыз. Әжемізді өзіміз Демде емдеп аламыз. Сюжетті-рөлдік ойын. "Үй құрылысы". (зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардың үй құрылысына қатысатын мамандар жөнінде білімдерін кеңейту, тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, еңбекқорлыққа	Вариативтік компонент Дамытушы ойын. "Қайда болғанымызды айтпаймыз, көргенімізді көрсетіп қайтамыз". (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардың ойлау, елестету қабілеттерін, логикасын, тапқырлығын дамыту. Шарты. Жүргізуші. 1-нұсқа. Педагог жұмбақтарды қимыл арқылы көрсетеді, балалар көрсетілген затты, жан-жануарларды, құбылысты көрсетеді. 2-нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды кезекпен көрсетеді. 3-нұсқа. Шеңберде немесе тізбекте отырған (тұрған) әрбір бала кезек бойынша қимылдарды көрсетеді. Барлық балалар ойланып, жұмбақты шешуге тырысады. «Қаржылық сауаттылық» Сюжеттік-рөлдік ойын. "Дәріхана". (еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардың дәріхана қызметкерлері (фармацевт, провизор) мамандықтары жайында ұғымдарын тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке,	Санамақ айту жаттығуы. (қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ өнеріне баулу. М. Қуанышбеков "Санамақ". Екі көз бен қос құлақ Бір бас пенен бір мұрын Нешеу болды қос шырақ, Санап шығар кім бұрын?! Екі аяқ пен екі қол, Бір ауыз бен бір тілің. Нешеу болды, қане, бол, Санап шығар кім бұрын?! Сұқ саусағым суға барды Ортаң қолым орақ орды. Аты жоғым ағаш жарды, Жұмсамапты алақаным, Тек шынашақ - балапанын. «Қаржылық сауаттылық». Сюжетті-рөлдік ойын. "Киімдер" дүкені. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балалардың "Киімдер" дүкені, киім сатушының жұмысы ерекшелігі жөніндегі ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу.

	меңгерту; аквариум туралы білімдерін пысықтау. Құрастырудан ойын-жаттығулар (шығармашылық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өз бетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу.	жалғастыру; әділетті ортада табысты даму амалдарымен таныстыру; шыншылдыққа, қамқорлыққа, достыққа тәрбиелеу. Ережелердің балалардың жайлы, қауіпсіз, әділетті өмір сүруіне қажетті екенін түсіндіру; кейбір ережелер сақталмаған жағдайлардың балалардың қауіпсіз, жайлы, денсаулыққа пайдалы әрекет етуіне кедергі болатынына көз жеткізу, балалармен талқылау. Балалардың өміріндегі (жақында болған) немесе көркем шығармада болған оқиғаны талқылау; әділетті шешімге келу жаттығуы. Оқиға бойынша әділ шешім қабылдау үшін жағдайды балалар өздері таңдайды немесе педагог ұсынады. Әділетті шешім үшін балаларға таныс көркем шығармадан мысал келтіру (немесе жаңаны оқып беру), әйгілі мақал-мәтелді қолдану: балалардың әйгілі әнді бірігіп айту, бірігіп ойнау, көмекке мұқтажды қолдау, тағы басқа амалдарды өздігінен, бірігіп табуға жағдай жасау.	тәрбиелеу. Құралдар. Құрылыс материалдары, қағаз беттері, қара қарындаштар, сызбалар, ойыншық жүк мәшинелер, құрылысқа қажет ойыншық құралдар (балға, бұрағыш, тістеуік, тағы басқалар). Шарты. Педагог балалармен құрылысқа қатысатын мамандар жөнінде алдын ала әңгімелеседі. Балалар сәулетші, инженер-құрылысшы, кірпіш қалаушы, жүргізуші, жүк тасушы сияқты мамандардың міндеттерін анықтайды. Балалар құрылысқа қатысатын мамандарға бөліне бастайды; өздеріне қажет киім мен құралдарды алып, орындарына барады.	сыпайылыққа тәрбиелеу. Құралдар. Дәрі-дәрмектердің ойыншық пішіндері, "Дәріхана" сөмкелері, ақ халаттар, төлемді қамтамасыз ететін карточкалар мен қаражаттың орнына қолданатын таңбалауыштар. Қаржылық сауаттылық негіздерін қалыптастыру. Балаларға "тауар", "қызмет көрсету", "баға", "табыс көзі" ұғымы жайында, табыстың негіздінде уақыт, білім мен қабілеттер, қойылған нәтижеге жету жатқаны туралы түсіндіру; ойын шарты бойынша қызмет үшін жасалатын "төлем", қарапайым есеп (тең, кем, артық, көп, аз) әрекеттерін бекіту; ойындағы мамандықтар туралы түсініктер қалыптастыру; еңбекті және адамдардың еңбегін құрметтеуге баулу Боямақпен жаттығулар (шығармашылық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру, түстерді өз қалауы бойынша таңдау. Бейненің сұлбасы сыртына шықпай қарындаш, фломастермен штрихтап бояуды жетілдіру.	Қаржылық сауаттылық негіздерін қалыптастыру. Балаларға "тауар", "баға", "табыс көзі" ұғымы жайында, табыстың негіздінде уақыт, білім мен қабілеттер, қойылған нәтижеге жету жатқаны туралы түсіндіру; ойын шарты бойынша қызмет үшін жасалатын "төлем", қарапайым есеп (тең, кем, артық, көп, аз) әрекеттерін бекіту; ойындағы мамандықтар туралы түсініктер қалыптастыру; еңбекті және адамдардың еңбегін құрметтеуге баулу.
Балалармен жеке жұмыс	"Менің отбасым", отбасы тақырыбында мақал-мәтелдер айтқызу. Мақсат-міндеттері. Балалардың сөйлеу тілін дамыту; отбасы туралы білімдерін жетілдіру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет) Боямақ суреттермен жаттығулар. (шығармашылық іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Түстер мен олардың реңктерін беруді жетілдіру. Бейнелеу әдістерін (штрихтар) қолдану. Берілген бейненің сұлбасы шетінен шықпай бояуға үйрету. Бейнелеу сапасына көңіл аудару.	Санамақ айту жаттығуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет) Мақсат-міндеттері. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ өнеріне баулу. Балалардың сөйлеу тілін дамыту. "Отбасы" Бір үйде біз нешеуміз? Кел, санайық, екеуіміз. Бас бармағым - атам, Балаң үйрек - апам, Ортан терек - әкем, Шылдыр шүмек - анам, Кішкентай бөбек - мен. Біз үйде нешеуміз? Біз үйде - бесеуміз.	"Жоғалған зат" үстел үсті ойыны. (зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту. Барысы. Педагог үстелдің үстіне бірнеше затты қояды. Бала оларға мұқият қарап алған соң, теріс қарап тұрады. Педагог үстелден бір затты алып тастайды. Бала қай заттың жоғалып кеткенін табу керек. Заттардың санын біртіндеп көбейтуге болады. "Менің отбасым" тақырыбы (суреттері) бойынша әңгімелеу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша	Санамақ айту жаттығуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет) Мақсат-міндеттері. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ өнеріне баулу. Балалардың сөйлеу тілін дамыту. "Отбасы" Бір үйде біз нешеуміз? Кел, санайық, екеуіміз. Бас бармағым - атам, Балаң үйрек - апам, Ортан терек - әкем, Шылдыр шүмек - анам, Кішкентай бөбек - мен. Біз үйде нешеуміз? Біз үйде - бесеуміз.	Санамақтар айтқызу. (қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ өнеріне баулу. М. Қуанышбеков "Санамақ". Екі көз бен қос құлақ Бір бас пенен бір мұрын Нешеу болды қос шырақ, Санап шығар кім бұрын?! Екі аяқ пен екі қол, Бір ауыз бен бір тілің. Нешеу болды, қане, бол, Санап шығар кім бұрын?! Сұқ саусағым суға барды Ортаң қолым орақ орды. Аты жоғым ағаш жарды, Жұмсамапты алақаным, Тек шынашақ - балапанын.

			немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу. Байланыстыра сөйлеуді дамыту. Туыстық қарым-қатынасты ("бауыр", "немере", "шөбере", "ағайын", "туысқан", "жеті ата") білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары, татулық, жақындық, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу.		
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
және басқалары)	және киімді орнына мұқият жинау. Еңбекқорлықты, тәртіпті көре білуді, ұжымда тату-тәтті еңбек етуді үйрету. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті) «Менің Қазақстаным»: Қазақстан Республикасының Әнұранын орындау. (музыка, танымдық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Қазақстан Республикасының Әнұранын орындауда әннің сөздерін анық айту, орташа (қатты) дауыспен ән айту. Дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Қазақстан мемлекетінің рәміздеріне құрмет көрсету, оның маңыздылығын түсінуге жағдайлар жасау. Отансүйгіштікке тәрбиелеу. Жапсырудан ойын-жаттығу "Менің мемлекетімнің туы" Міндеттер: балаларды қағазды жырту, умаждау әдісі бойынша мемлекетіміздің туын жапсыруға үйрету. «Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». Мен және менің қауіпсіздігім" ой түзеу сәті. Мобильді құрылғы. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Балалардың мобильді құрылғыларды қолдану кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін білу туралы ақпараттарды тиянақтау; күніне ата-аналардың рұқсатымен 30 минуттан артық емес мобильді құрылғыларды қолдану маңызды екендігіне қарапайым өмірдегі мысалдар арқылы көз жеткізу; көз пікірін білдіруге үйрету; өз қауіпсіздігі үшін алғашқы жауапкешіліктерді түсінуге көмектесу.	тануға болатынын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Айналадағы қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауға, оған қамқорлық жасауға тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Үстел үсті ойыны. "Лото". (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардың зейінін дамыту. Заттарды топтастыруды үйрету. Байқампаздыққа баулу. Түрлерінің ұқсастықтарына қарай әрбір бала қандай да бір геометриялық пішінді алады, соған ұқсас заттар бейнеленген карточкаларды таңдайды. Кітаптарды қарау, әңгімелеу. (қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу. Қ. Мырза Әли «Не үшін?» - Екі көзің не үшін керек? - Жақсыларды көру үшін! - Екі қолың не үшін керек? - Елге көмек беру үшін! - Құлақ деген не үшін керек? - Ақыл-кеңес тыңдау үшін! - Жүрек деген не үшін керек? - Жауларымнан қыңбау үшін! - Тіл мен жағың не үшін керек? - Ақиқатты айту үшін! - Ал аяғың?.. - Шетте жүрсем, Туған жерге қайту үшін!	талаптарды сақтау қабілетін қалыптастыру. Ересектерге көмектесуге ынталандыру, олардың жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті) Дидактикалық ойын. «Суретті құрастыр». (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті) Міндеттері. Баланы бірнеше бөліктерден тұратын, тұтас суретті құрастыруды үйрету, төзімділікке, бастаған істі аяқтауға тәрбиелеу. Ойын шарты. Сурет бөліктерін таңдағанда қателеспеу, кім өз суретін жылдам құрастырып, дұрыс атаса, сол бала жеңімпаз атанады. Ойын іс-әрекеті. Тұтас суретті құрастыру үшін тиісті бөлшектерін іздестіру. Қажетті құралдар. Бірнеше бөлікке бөлінген түрлі заттардың суреттері. (көлемдері 7×8 см карточкалар). «Танграм» басқатырғыш ойын STEAM https://bilimkids.kz/steam/34?l=2 (танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет) Боямақпен жаттығулар (шығармашылық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру, түстерді өз қалауы бойынша таңдау. Бейненің сұлбасы сыртына шықпай қарындаш, фломастермен штрихтап бояуды жетілдіру.	таңдау қабілетін жетілдіру. (еңбек іс-әрекеті) Саусақ жаттығуы. "Топ, топ добым домалақ". (қарым-қатынас іс-әрекеті) Топ, топ, добым домалақ, Қайда кеттің домалап? - Бір, екі, - деп, екі ұрдым, - Шатырға сен секірдің Үш, төрт, бес, - үлгердім Ішіне ендің гүлдердің. Алты, жеті, - дегенде, Жеттің шоршып еденде. Сегіз, тоғыз, он - дедім Сайға сырғып жөнелдің «Кім немен айланысады?» интервью ойыны (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балалардың сөздік қорын жақын адамдардың қасиеттері мен айналысатын кәсібін сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту. Туыстық қарым-қатынасты ("бауыр", "немере", "шөбере", "ағайын", "туысқан", "жеті ата") білдіретін сөздерді қолдануды үйрету. Мысалға сұрақ: Әкең немен айланысады? Ол кім? Жауап: Әкем көлік жөндеумен айналысады. Ол көлік жөндеу шебері.	кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; суды үнемді пайдалануды үйрету. Өзінің және басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті) (музыка) Мүсіндеуден ойын-жаттығу "Менің көк Туым!" (шығармышылық іс-әрекет) Міндеттер: балаларды Қазақстан Республикасының Рәміздері туралы білімдерін кеңейтіп, оның ішінде Ту туралы нақты мәлімет беру. «Танграм» басқатырғыш ойын STEAM https://bilimkids.kz/steam/34?l=2 (танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет)
Ертеңгілік жаттығу	Секіртпемен жаттығулар кешені. (дене тәрбиесі) 1."Секіртпені соз" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, жіптің шетінен ұстау. 1 секіртпені шетінен ұстап, қолды алға созу. 2 жоғары көтеру. 3 кеуде тұсына әкелу. 4 бастапқы қалыпқа келу. (4 рет) 2. "Сағаттың тілі" жаттығуы: Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, секіртпені екі шетінен ұстау, қолды жоғары көтеру. 1 оңға еңкею. 2 бастапқы қалыпқа келу. 3 солға еңкею. 4 бастапқы қалыпқа келу. (2-3 рет әр жаққа) 3. "Отыру" жаттығуы. Бастапқы қалып: екіге бүктелген секіртпе, қол төменде. 1-2 екі тізені бір-бірінен алшақ қою, секіртпемен қолды жоғары көтеру, сәл иіліп отыру. 2 бастапқы қалыпқа келу. 4. "Бүгілу, майысу" жаттығуы. Бастапқы қалып: екіге бүктелген секіртпені екі шетінен ұстап, алға созған күйде етпетінен жату. 1-3 артқа қарай иілу, бір мезгілде аяқты көтере (аяқтың ұшын соза) секіртпемен қолды алға қарай жоғары көтеру. 4 бастапқы қалыпқа келу. (4-5 рет) 5. "Еңкею" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінде, секіртпені екі ұшынан ұстау, қолды төмен түсіріп тұру. 1 заттардан аттап жүру. 2 бастапқы қалыпқа келу. (4-5 рет) 6. Бір орында (қолды белге қойып) секіру (4 рет) (секіртпе еденде), бір орында, тізе көтеріп жүру (4 рет). Алмастыруды 4 қайталау. 7. Тыныс алуды реттеу жаттығулары.				

Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Асты-шашпай, төкпей іш, Сораптамай баппен іш. Ақырын алып қолыңа, Шашпай же нанды да. Келген асты алдыңа Тауысып іш, қалдырма. Тамақ ішер кезде біз Сөйлемейміз, күлмейміз. Астан басқа өзгені Елемейміз, білмейміз. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	«Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау. "Аналар мектебі": Балалар кітапханасы: Отан туралы: қазақстандық ақындардың Отан туралы өлеңдерін оқу; туған өлке туралы фотосуреттер альбомын даярлау. "Күй күмбірі": "Көктөбе" (Қаршыға Ахмедияров) «Өнегелі»: Туған өлке және дәстүрлер. Тақырыбы: «Менің туған өлкем». Мақсаты: өз өлкесіне, оның дәстүрлері мен мәдениетіне деген сүйіспеншілік пен қызығушылықты дамыту.				
	Көршілермен сыйластық туралы әңгімелесу. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу. Шешендік өнерге баулу. Байланыстыра сөйлеуді дамыту.	Отан туралы мақал-мәтелді оқу (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардың мақал-мәтелдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылықты арттыру. Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу. Туған жердей жер болмас, Туған елдей ел болмас. Отанды сүю — отбасынан басталады. Отан оттан да ыстық. Отансыз адам — Ормансыз бұлбұл. Туған жердің ауасы да шипа.	Санамақты айту жаттығуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, санамақтарды жатқа айтуға, оларды есте сақтауға баулу. Шешендікке, санамақ айту өнеріне баулу. Бота, түйе, Құлын, бие, Торай, шошқа, Қозы, қошқар, Қодық,құлан, Көжек, қоян, Бақа, шаян, Торғай, шымшық... Сен, қал! Сен, шық! Қадыр Мырза Али	«Адал азамат. Этикет ережелері». (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) Мақсат-міндеттер. Балалардың мінез-құлқы мен қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру, этикет ережелерімен танысу, әртүрлі өмірлік жағдайларда балалардың мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, балалардың айналасындағы адамдармен қарым-қатынас дағдыларын дамыту, балаларға қоғамда қажетті адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу, сөйлеуді дамытуға ықпал ету: дұрыс, дәл және әдемі сөйлеу, сөздік қорын байыту, зейін мен есте сақтауды дамыту. Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу.	«Қаржылық сауаттылық». "Жұмыс және еңбек" тақырыбына әңгімелесу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Балаларға еңбек ету арқылы қаржы табу немесе қандай да бір нәрсеге қол жеткізудің маңызды екенін көрсету. Оларға ересектердің мамандықтарын таныстырып, өздерінің кішкентай жұмыстарымен де (ойыншықтарын жинау, көмек көрсету) еңбек ете алатындарына сендірту. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру.
Кестеге сәйкес ҰІӘ	Тіл дамыту "Рәміздер - ұлттық құндылық" Мақсат-міндеттері. Қазақстан Республикасының Мемлекетінің рәміздері, көрікті жері мен қалалары жайында шағын хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыруды үйрету. Сюжеттік суреттерді сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану. Мемлекетік рәміздерімізді құрметтеуге, елімізді сүюге және қорғауға тәрбиелеу. Сауат ашу негіздері "Дауысты дыбыспен танысайық" Міндеттері. Дыбыстардың дауысты	Дене тәрбиесі "Сапқа тұр". Мақсат-міндеттері. Балаларға гимнастикалық орындық үстінде ішпен еңбектеуді үйрету. Балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: шыдамдылық, икемділікті дамыту. Қоршаған әлеммен таныстыру "Қазақстанның қазба байлықтары". Мақсат-міндеттері. Балаларға Қазақстан Республикасының жер көлемі және елімізде өндірілетін қазба байлықтардың	Сауат ашу негіздері "Дауыссыз дыбыспен танысайық". Міндеттері. Дыбыс туралы түсінік беру, дауыссыз дыбыстың ерекшелігі туралы түсініктерді беру. Сөздегі дауыссыз дыбыстарды анықтау. Тіл дамыту "Менің қалам (ауылым). Біздің көше". Мақсат-міндеттері. Балалардың туған өлкесін (қаласын, ауылын) сипаттаған кезде синонимдер мен антонимдерді қолдану. Сөздік қорын адамдардың қарым-қатынасын білдіретін үстеулермен байыту. Сөйлемдердегі сөздерді: сын есімдерді зат есімдермен үйлестіру, етістіктерді жалғаулармен қолдану, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын	Қоршаған әлеммен таныстыру "Елімнің байлығы - тұз". Мақсат-міндеттері. "Өлі табиғат" ұғымын кеңейту. Балаларды өлі табиғаттың компоненттерімен және қасиеттерімен таныстыру; тұздың өмір үшін маңыздылығымен таныстыру; өздігінен тәжірибе жасауға қызығушылықтарын арттыру. Қарапайым экологиялық ұғымдарды, табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезіне білу. Қазақ тілі "Менің Отаным - Қазақстан. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері". Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы Қазақстан Республикасының рәміздері, отан туралы түсініктерін кеңейту,	Көркем әдебиет "Ана тілім - байлығым". Мақсат-міндеттері. Біздің мемлекеттік тіліміз - ана тілі және әр ұлттың өз тілі болатынына түсінік беру. Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу. Әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу. Сауат ашу негіздері "Дауысты дыбыстар". Міндеттері. Дыбыстардың дауысты және дауыссыз болып бөлінетіні жөнінде мағлұмат беру. Дыбыс туралы түсінік беру, дауысты

	және дауыссыз болып бөлінетіні жөнінде мағлұмат беру. Дыбыс туралы түсінік беру, дауысты дыбыстың ерекшелігі туралы түсінік беру. Сөздегі дауысты дыбыстарды анықтау. Қазақ тілі "Дауысты дыбыстар. Жуан және жіңішке дыбыстар". Мақсат-міндеттері. Артикуляциялық ерекшелігіне байланысты дауысты дыбыстар жуан және жіңішке болып бөлінетіні туралы түсінік беру. Фонематикалық естуді дамыту, қазақ тіліне тән дыбыстарды айтуға дағдыландыру. Есту, айту арқылы дыбыстарды түрлеріне қарай ажыратуды үйрету; ертегі тыңдатып, қиялдарын дамыту, ой-өрістерін кеңейту; сөздер мен дыбыстарды дұрыс айтуға даярлау және артикуляциялық аппаратын дамыту; білуге құштарлықтарын арттыру; балаларды ұқыпты, таза, көркем жазуға дағдыландыру. Математика негіздері "Қазақстанымды не үшін сүйемін?". Мақсат-міндеттері. Балаларды сандар қатарымен таныстыруды жалғастыру, оларға тура және кері санауды үйрету. Әртүрлі орналасқан заттардың жиынын көзбен көріп санап алу білігін бекіту; сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне қатысты және өзіне қарсы оң жақ пен сол жақты ажырату дағдыларын қалыптастыру; біркелкі бірнеше заттардың топтамаларын саны кіші тең топтамаларға бөлу амалын үйрету. Отанын құрметтеу сезімін қалыптастыру.	қай жерден шығатыны туралы білім беру. "Өлі табиғат" ұғымын кеңейту. Қарапайым экологиялық ұғымдарды, адамның табиғаттың бір бөлігі екенін және оны қорғау, табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезіне білу. Көркем әдебиет "Нәсіреддин Сералиевтің «Тәртіпсіз лақ» шығармасы бойынша әңгімелесу" Мақсат-міндеттері. Балаларды Нәсіреддин Сералиевтің «Тәртіпсіз лақ» әңгімесімен таныстыру; балаларға түбір сөздер мен туынды сөздердің мағыналық байланысын көрсету; өз ойларын еркін жеткізуге баулу; ойларын дәлелдеу білігін дамыту; мағынасы қарама-қарсы сөздерді қолдануға машықтандыру; еске сақтау, ойлау қабілеттерін және сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымын жетілдіру. Адамгершілікке тәрбиелеу, кітапқа құштарлықтарын қолдау. Математика негіздері "Мен өз Отаным – Қазақстанды не үшін жақсы көремін? (Бекіту)". Мақсат-міндеттері. Балаларды сандар қатарымен таныстыруды жалғастыру, оларға тура және кері санауды үйрету. Кеңістік туралы түсініктерді бекіту; өзіне және басқа объектіге қатысты оң және сол жақты ажырату біліктерін дамыту; әртүрлі орналасқан объектілердің жиынын көзбен қайта санау білігін, объектілер тобын ең кіші тең бөліктерге бөлу біліктерін пысықтау; Отанға сүйіспеншілік таныту сезімін қалыптастыру.	қалыптастыру. Отансүйгіштікке тәрбиелеу. Музыка "Ана тілім". Мақсат-міндеттері. Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру. Қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға баулу. Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету. Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның "ре", екінші октаваның "до" диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу. Өз ана тіліне сүйіспеншіліктерін арттыру. Дене тәрбиесі "Кел, күш сынасайық". Міндеттері. Балаларға заттардан аттап өту; бір сызыққа қойылған заттардың арасымен "жыланша" иреленděп жүгіру; допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалатуды үйрету. Балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: шыдамдылық, икемділікті дамыту.	Қазақстанның табиғи байлықтарын насихаттау; І әрпімен таныстыру, дыбысталу ерекшелігіне бейімдеу; Қазақстан жайлы өлеңдермен, отан туралы мақал-мәтелдермен таныстыру; балаларды Мемлекеттік Елтаңба мен Тудың бейнесіндегі ерекшеліктерді ажыратуды және еске сақтауды үйрету; зат есім мен сын есім бар сөз тіркестерін құрастыру, оларды түрлендіріп қолдануға дағдыландыру; балаларды отансүйгіштікке, бірлікке тәрбиелеу. Музыка "Көңілді ноталар". Мақсат-міндеттері. Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыруды жалғастыру. Қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға баулу. Музыканың сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте білуді жетілдіру. Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның "ре", екінші октаваның "до" диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу. Өз ана тіліне сүйіспеншіліктерін арттыру. Құрастыру "Қаңқыз" Міндеттер. Балаларды қағаздан құрастырудың түрлі әдістерін қолдана отырып, жапырақтың үстінде қозғалып тұрған қаңқызды жасауды үйрету; қаңқызды жасау барысында қайшымен жұмыс істеу іскерлігін дамыту; шеңберді тең ортасынан қайшымен қиып, фломастермен қара дақтарды салу іскерліктерін жетілдіру; қағаз туралы білімдерін жетілдіре отырып, жәндіктердің күз маусымындағы тіршілігін пысықтау; табиғат әлеміне сүйіспеншіліктерін ояту; бір орында жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру	дыбыстың ерекшелігі туралы түсініктерді бекіту. Сөздегі дауысты дыбыстарды анықтау. Математика негіздері "Астанаға саяхаттап барамыз". Мақсат-міндеттері. Балаларға кеңістікті тараптарға бөлуді, ондағы орналасқан заттардың оң және сол жақта болуын ажыратуды үйрету. Заттарды сандық мөлшері бойынша салыстыру қабілеттерін жаттықтыру; сандардың орналасу тәртібін меңгерту; сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету; қағаз бетінде кеңістікті бағдарлау дағдысын қалыптастыру; ізденімпаздыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу. Дене тәрбиесі "Жіптің астымен тура және жанымен еңбектеп өту". Міндеттері. Балаларды баянат (рапорт) қабылдау ережесіне дағдыландыру; жіптің астымен тура және жанымен еңбектеп өтуді үйрету. Балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту.
2-ші таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуенге дайындық	"Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын дамыту; гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру: ережені, тазалықты, әдептілікті сақтау. (өзіне-өзі қызмет көрсету, мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) - киімді дұрыс бүктеп жинауды, орнына ілуді, аяққиімді түзу қоюды әдетке айналдыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуге дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, сырт киім, аяққиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінуді, киімді, аяққиімді таза ұстауға баулу; - басқаларға көмек көрсетуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) «Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». Балалардың жеке бас қауіпсіздігі және денсаулықты сақтау қауіпсіздігі, табиғатты сақтауға қатысты қарапайым ережелерді қайталау, белгілеу; ""дұрыс"" не ""дұрыс емес"" үшін жауапкершілікті сезіне білуге көмектесу; зеректікке, сыпайылыққа тәрбиелеу."				

Серуен	Қауіпсіздік. Көліктерді бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Көліктерді мақсатына қарай ажырата білуді үйрету; жүргізуші мамандығына қызығушылығын, оның еңбек әрекеттерін игеруге ұмтылысын қалыптастыру. Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Оразақын Асқар «Машина» Машина істе – серігің, Жолға шықсаң – көлігің. Айта қойшы, сен, інім, Шығаратын оны кім? Тас қорытып домнада Металл құйса құрышшы, Машинаны заводта Жасар іскер жұмысшы. «Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: құрғақ жапырақтарды белгілі бір жерге (контейнерге) жинау. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Тазалық пен тәртіпке дағдыландыру; топта жұмыс істеу қабілетін бекіту, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, жауапкершілікке баулу. Қауіпсіздік. Еңбектегі қауіпсіздік ережелерін қайталау, қадағалау. «Айгөлек» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: ұжымдық ойында жылдамдықты, күш-жігерді, белсенділікті,ептілікті, шапшаңдықты көрсете білуге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Айгөлек-ау айгөлек, Айдың жүзі дөңгелек. Теміршіден дем шығар, Үзеңгіден дем шығар. Ақ терек пен көк терек, Бізден сізге кім керек? Тізбек үзілген жағдайда, шабушы ойыншы қарсыластардың бірін өз тізбегіне қосып алады. Тізбек үзілмесе, шабушы - қарсыластардың тізбегіне қосылады. «Тауық қорасындағы түлкі» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: жалтарып жылдам	Құстарды бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардың күз мезгіліндегі аула (торғай, көгершін, қарға, сауысқан) құстары, олардың тіршілігі жайлы білімдерін кеңейту; маусымдық өзгерістердегі себеп-салдардық байланыстарды байқауға үйрету; күзде кейбір құстардың (қарлығаш, көкек, бұлбұл) болмауы туралы білімдерін бекіту; құстарға деген сүйіспеншілікке, қамқорлыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік. Табиғатта (объектілерді) бақылауда қарапайым тәртіп ережелерін сақтауға үйрету. Педагог балаларға ойын аланы маңына ұшып келген құстардың дыбыстарын тыңдап, ажыратуды ұсынады. Құстардың түрі көп болмаса, педагог смартфонына жазылған құстардың дыбыстарын тыңдатып, дұрыс атауды ұсынады. Құс ұясын бұзбаңдар, Балапанын алмаңдар. Құстар біздің досымыз, Обалына қалмаңдар. *** Торғай - шырылдайды. Қарға - қарқылдайды. Сауысқан - шықылықтайды. Бөдене - бытпылдайды. Бұлбұл - сайрайды. Педагог тақпақтағы құстардың қайсылары неліктен жоқ болғанын сұрап, қарапайы себеп-салдарлық байланыстарды анықтауға мүмкіндік береді. «Өнегелі тәрбие». Экология. Еңбек әрекеті: жапырақтарды гербарийге, бүршіктерді кешелек шығармашылық жұмыстарға жинау. Мақсат-міндеттер: балаларды еңбек әрекетіне саналы қарауға, ұқыптылыққа, жауапкершілікке тәрбиелеу; табиғи тастандыларды қайта пайдалану амалдарымен таныстыру; үнемділікке баулу. "Ит пен торғай" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: балалардың қимылды ойындарға қызығушылығын дамыту, ит пен торғайға тиесілі қылықтар жайлы білімдерін бекіту; ойынды ұйымдастыруда бастамашылдық,	Желді бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардың өлі табиғат түрі, жел, туралы түсініктерді кеңейту; желдің күшін анықтауды үйренуді жалғастыру; балалардың ұғымындағы жансыз табиғат туралы білімдерін кеңейту. Балаларға учаскідегі желді байқауды ұсыну; желдің бар екендігін дәлелдеуді ұсыну. Жаз мезгіліндегі жел мен күгзі желдің сипаттарын салыстыруды ұсыну: күші, температурасы, соғу бағыты. Қалижан Бекхожин "Жел жамылып, түн қатқан". Жел жамылып, түн қатқан Жылқышымын жау жүрек. Алдаспаным — ақ сойыл, Астымда — атым қара көк. «Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ауланы бұтақтар мен тастардан тазарту. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеуге, істелген жұмыстан рақат алуды үйретуді жалғастыру; бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, жауапкершілікке баулу. Қауіпсіздік. Еңбектегі қауіпсіздік ережелерін қайталау, қадағалау. «Үшінші артық» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: балаларды ойынды зерек болып ойнауға, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдарды үйлестіре білуге дағдыландыру; кеңістікті бағдарлай білуді, күш-жігерін дамыту; достыққа тәрбиелеу. Балалар тобының жартысы шеңберге тұрады. Қалған балалардың әрқайсысы шеңберде тұрған баланың бірінің артына тұрып, жұпты құрайды. Құғыншы мен қашушы шеңбер сыртында, бір-бірінен алшақ тұрады. Белгі бойынша балалар шеңбер сыртында, сол шеңбер бойымен бірін-бірі қуалайды. Қашып жүрген бала (қалауы бойынша немесе шаршаған кезде) өзі қалаған жұптың алдына тұрып алады. Сол кезде үшінші артық болып қалған бала әрмен қарай қашуды жалғастырады. Егер құғыншы қашып жүрген баланы қолмен тигізіп, түртіп үлгерсе, құғыншы кері бағытта қаша бастайды, оны ұсталған	Жапырақтың түсуін бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Табиғаттағы маусымдық өзгерістерді, күз мезгіліне тән себеп-салдардық байланыстарды түсінуге мүмкіндік жасау; өлі табиғат пен тірі табиғат туралы білімдерін кеңейту. Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу. Х. Тағаров «Алтын күз» Дәнге толып қызыл қырман, Қырман басы қызыл думан. Мөлдіретіп жүзімдерін, Келді алтын күзім менің. Молшылық күз – береке күз, Береке күз – мереке күз. Зерттеу. Бірден құлап түскен жапырақтарды табу; жан-жаққа тербеліп ақырын ұшатын жапырақтарды табу; бұтақтарға жабысып ұшатын жапырақтарды табу; түскен жапырақтардан асфальтқа өрнек салу. «Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: балабақша алаңында жапырақты тазартуға сыпырушыға көмектесу. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Мақсатқа бірлескен күш-жігермен жете отырып, бірлесіп жұмыс істеу қабілетін бекіту; бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, жауапкершілікке баулу. Қауіпсіздік. Еңбектегі қауіпсіздік ережелерін қайталау, қадағалау. "Қарақұс пен балапандар" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Тәрбиешінің нұсқау-бұйрықтарын тыңдай білуге дағдыландыру, зейінді дамыту; шапшаңдыққа, алғырлыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу. Ойыншылар "қарақұс" пен "тауықты" санамақ арқылы таңдайды. «Допты ұста» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері: балалардың зейінін, шапшаңдығын, көзбен мөлшерлеп-қимыл жасау үйлесімділігін дамыту; достыққа тәрбиелеу. Ойынға үш бала қатысады. Екі ойыншы бір-біріне қарама-қарсы 3–4 метр	Күзгі ауа райын бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы әңгімелеу; өсімдіктер тіршілігінің маусымдық өзгерістері туралы білімдерін бекіту. Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу. Сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу. Балаларға жан-жағына қарап, айналаны бақылап, күздегі және бүгінгі ауа райының күйі туралы айтуды ұсыну. "М. Әлімбаев "Күз келді". Сарғайған тоғай, Сап-сары маңай. Соңғы әнін айтып, Құс кетті қайтып. Айнала жым-жырт, Көк аспан сұрғылт. жер жыртқан тыңда Трактор қырда. Жапырақ ұшты, Суық та түсті. Сонда да бізге, Қызық көп күзде. Балаларға тыңдалған тақпақтағы қандай сипаттамалар көзбен көрген құбылыстарға сай екенін табуды ұсыну. «Өнегелі тәрбие». Экология. Еңбек әрекеті: жапырақтарды гербарийге, бүршіктерді кешелек шығармашылық жұмыстарға жинау. Мақсат-міндеттер: балаларды еңбек әрекетіне саналы қарауға, ұқыптылыққа, жауапкершілікке тәрбиелеу; табиғи тастандыларды қайта пайдалану амалдарымен таныстыру; үнемділікке баулу. "Тым-тырақай" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартына сай ойнай білуге баулу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту.

	жүгіре білуге, қимылдарды үлестіруге дағдыландыру; күш-жігерді шапшаңдықты, шыдамдылықты дамыту. Қимылдауда қауіпсіздікті қалағалау. Алаңның бір жағында «тауық қора» орналасады. Ол үшін орны сызылады. Бұл жерге тауық, балапандарды сомдайтын балалар жиналады. Алаңның қарама-қарсы жағында «түлкінің іні» орны сызылып, түлкіні сомдайтын бала санамақпен таңдалады. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Бөрік-телпек» (дене тәрбиесі) Мақсаты: балалардың затты (доптар немес қапшықтар) алысқа лақтыра білу дағдыларын дамыту, күшін, ептілігін, дәлдігін және достық қарым-қатынасын қалыптастыру; ережелерді орындай білу қабілетін дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері. (дене тәрбиесі) Орыннан екі аяқпен секіру. Мақсат-міндеттері. Шапшаңдықты дамыту.	дербестік танытуға баулу, физикалық қасиеттерді (жылдамдық, икемділік, ептілік), реакциясын, қимыл-қозғалыс үйлесімін дамыту; ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу; достыққа, адалдыққа тәрбиелеу. "Кеглиді қағып ал" жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Допты тура бағытта домалатып, алшақта тұрған кеглиді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Қазан». (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу, қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу. Құралдар: асықтар, шеңбер. Қауіпсіздік. Ойында қауіпсіздік ережелерін қадағалау. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, қимыл-қозғалысты дамыту. Мақсаты: допты астыңғы жақтан бір-біріне лақтыру дағдыларын бекіту.	бала қуалайды. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Бөрік-телпек» (дене тәрбиесі) Мақсаты: балалардың затты (доптар немес қапшықтар) алысқа лақтыра білу дағдыларын дамыту, күшін, ептілігін, дәлдігін және достық қарым-қатынасын қалыптастыру; ережелерді орындай білу қабілетін дамыту. "Шұңқырдан аттап секіріп өт" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды ұзындыққа секіруге жаттықтыру; вестибуляр аппаратын, күш-жігерін дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар: доппен жаттығу. Мақсат-міндеттері. Допты екі қолмен ұстап жерге лақтыруды жалғастыру. (дене тәрбиесі)	қашықтықта тұрады да, бір-біріне доп лақтырады. Үшінші бала олардың ортасында тұрып, допты қағып алуға немесе қолымен ұстауға тырысады. Егер ол допты ұстап алса немесе қолымен тигізсе, допты лақтырған ойыншымен орын ауыстырады. "Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта екі аяқпен жылжып, бағытты өзгертіп секіруге дағдыландыру. Балалардың секіретін жолының бойына әрқалай орналасқан шақпақтар немесе шеңберлер салынады (немесе шеңберлер төселінеді). Күрделеуі: 1) сызықтардан уақытқа жылдам секіруге шақыру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар: қозғалыстарды дамыту. (дене тәрбиесі)	Балалар шеңбер құрайды. Бір немесе бірнеше бала шеңбер ортасында белгі санамақ сөздерден кейін ұстап алушылардың рөлін атқаратын болады. Ал, кәнеки, балалар, Бір, екі, үш - деп, санаңдар! Бір, екі, үш! Ал тараңдар! Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек. Екі, үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "бір, екі, үш" - деп санағанша, балалар тез шеңбер құрып тұрады. Ойын қайта басталады. "Шеңберден шеңберге" жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды жерде жатқан бір шеңберден екінші шеңберге секіріп өтуге машықтандыру; секіріп жылжығанда мұқият болуға, шеңбердің шетін баспауға дағдыландыру; шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Құралдар: үш-төрт шеңбер.
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: қол жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды, жеке тарақты жеке гигиена заттарын пайдалану; қажеттілігін түсінуге мүмкіндіктер жасау; гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. «Үнемділік». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарай білуді қалыптастыру. "Судың сұрауы бар". (қазақ мәтелі)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Асты-шашпай, төкпей іш, Сораптамай баппен іш. Ақырын алып қолыңа, Шашпай же нанды да. Келген асты алдыңа Тауысып іш, қалдырма. Тамақ ішер кезде біз Сөйлемейміз, күлмейміз. Астан басқа өзгені Елемейміз, білмейміз. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Күндізгі ұйқы	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Ат пен есек» ертегісін оқып беру. (карым-қатынас іс-әрекеті)	Өз төсектерін салуды біледі. Аудио тыңдау Ж.Байырбекваның «Бесік жыры» әні (музыка)	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (музыка)	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастырады. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (музыка)	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. «Қоянның үйшігі» ертегісін оқып беру. (қатынас іс-әрекеті)
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру	Балаларды ақырын сипап ояту. Шашты тарау дененің сауығуына да ықпал етеді. Содан кейін толық жуыну: қолдар шынтаққа дейін, бет, құлақ, мойын. Майтабандықтың алдын алуға арналған жаттығулар, денені тік ұстауға тәрбиелеу.				

шаралары	Жаяу жүру: қабырғалы жол балалардың аяқтарын уқалайды, аяқтың бұлшықеттері мен байламды аппаратын нығайтады, денені тұтастай қорғайды. Көркемсөз Түскі ұйқы уақыты, Төсегіме жатамын. Ақ көрпемді жамылып Тәтті ұйқыға батамын. (дене тәрбиесі, мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	"Табиғат және адам" дидактикалық ойыны. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардың адамның не істейтіні, табиғат адамға не беретіні туралы білімдерін бекіту және жүйелеу. Ойын барысы. Педагог балалармен әңгімелесу барысында айналамыздағы заттардың адам қолынан шыққаны немесе табиғатта сол күйінде кездесетіні, оларды адамдардың пайдалануы туралы балалардың білімдерін анықтайды. Мәселен, орман, көмір, мұнай, газ табиғатта сол күйінде болады. Ал үйлерді, зауыттарды, көлік құралдарын адам жасайды. Тәрбиеші балаларға: «Адам қандай заттарды жасаған?» сұрағын қояды. Ойынға қатысушылардың біріне бір затты береді (допты лақтырады). Балалардың бірнеше жауабынан кейін ол жаңа сұрақ қояды: «Табиғат нені жаратқан?» Ойын барысында тәрбиеші балаларға жақсы өмір сүру адамзаттың табиғатты пайдаланатыны, орманды өртten қорғап, су тоғандарын, өзендер мен көлдерді тазартып, құстар мен жануарларды күзетіп, табиғатты аялайтыны туралы қысқа әңгіме өткізеді. "Жер, су, от, ауа" қимылды ойыны (дене тәрбиесі, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балаларға берілген тапсырманы тез шешуге, жылдам жауап беруге (допты ұстап алу немесе), жерде, ауада, суда не төселдіру, қоршаған ортаға қамқорлық сезімін тәрбиелеу; шапшаңдыққа баулу. Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер - топтастыру. Қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану. Жүргізуші ойыншыға доп лақтырып,	Сюжетті-рөлдік ойын. "Табиғи қорық". (зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балаларға табиғи қорық, "Қызыл кітап" туралы түсініктер беру; қорықта қызмет атқаратын орманшы, аңшы, ағаш кесуші, ветеринар дәрігері жөніндегі ұғымдарын нығайту; орман мамандарының орманды, жан-жануарларды қорғаудағы атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; еңбекқорлыққа, жан-жануарларға аяушылықпен қарауға, қамқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Табиғи қорықтың қызметкерлеріне қажет заттар мен құралдар; алғашқы медициналық көмек қобдишасы, сөмкелер; ойыншық жануарлар және құстар; орман, бұлақ, жасанды таулар үлгілері. "Менің көңіл-күйім қандай?" жаттығуы. (қарым-қатынас, зерттеу іс-әрекеті) Балалардың өз көңіл-күйлерін сипаттай білу қабілетін дамыту; салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыру; эмпатиялық қасиеттерді дамыту, салауатты қарым-қатынастар ортасын құру. Балалардың көңіл күйін құрдастары арасына келген кезде сұрату. Жаттығудың тағы бір нұсқасы. Белгілі мультфильмнің (шығарманың) желісін, көргеннен (оқылғаннан) кейін алған әсерлерін талқылау. Боямақпен жаттығулар (шығармашылық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру, түстерді өз қалауы бойынша таңдау. Бейненің сұлбасы сыртына шықпай қарындаш, фломастермен штрихтап бояуды жетілдіру.	Дидактикалық ойын. "Бұл қай мезгілде болады?" (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардың мезгілге қатысты құбылыстар жөнінде білімдерін тиянақтау; ойлау, есте сақтау, зейін, байланыстыра сөйлеу қабілеттерін дамыту. Шарты. Педагог балаларға кез келген жыл мезгіліне тән құбылысты сипаттайды, балалар құбылыстың атауын және жыл мезгілін табуға міндетті. Балаларды жауаптарын тек бір сөзбен ғана емес, құбылыстың не себептен болғанын түсіндіруге талпындыру қажет. «Қаржылық сауаттылық». Сюжетті-рөлдік ойын. "Көлік жөндеу шеберханасы". (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардың түсінігіндегі көлікті жөндеу шеберханасы жайындағы ұғымдарын кеңейту; көлікті жөндеу шеберханасында еңбек ететін мамандар (механик, слесарь, программист (бағдарламашы) жөнінде білімдерін кеңейту, тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, төзімділікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Қаржылық сауаттылық негіздерін қалыптастыру. Балаларға "қызмет көрсету", "баға", "табыс көзі" ұғымы жайында, табыстың негіздінде уақыт, білім мен қабілеттер, қойылған нәтижеге жету жатқаны туралы түсіндіру; ойын шарты бойынша қызмет үшін жасалатын "төлем", қарапайым есеп (тең, кем, артық, көп, аз) әрекеттерін бекіту; ойындағы мамандықтар туралы түсініктер қалыптастыру; еңбекті және адамдардың еңбегін құрметтеуге баулу. «Әділеттілік - адамгершілік». "Дұрыс па, бұрыс па?" жаттығуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды	Вариативтік компонент Дамытушы ойын. "Сынық телефон" (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардың есту, түйсік, ойлау қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Шарты. Балалар бір тізбекке отырады. Жүргізушіні санамақ арқылы таңдауға болады. Алғашында, педагог балаларға ойынды жүргізу үлгісін бір рет көрсетеді. Балаларға ойын шартын нақтылы орындап, оны бұзуға болмайтынын түсіндіреді. Жүргізуші бірінші болып шетте отырған баланың құлағына өзі ойлаған заттың атауын сыбырлап айтады. Оны естіген бала келесі балаға сыбырлап айтады, сөйтіп ойын жалғаса береді. Соңғы отырған бала естіген сөзді дауысын шығарып жариялайды. Егер баланың айтылған сөзі жүргізуші ойлаған сөз болып шықса, телефон сынбай істеді деп саналады. Егер соңғы сөз бастапқы сөз болмай қалса, балалар тергеуді жүргізіп, бұл сөздің қандай тізбекте ауысып кеткенін анықтайды. Бір айналым өткеннен кейін, бірінші бала соңғы орынға ауысады, сөйтіп сөзді бірінші есептін балалар үнемі жаңадан болып отырады. Сюжетті-рөлдік ойын. "Зообақ". (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардың түсінігіндегі зообақ, қорғауға алынған жануарлар туралы ұғымдарын бекіту; зообақта қызмет атқаратын ветеринар дәрігері, орнитолог (құс маманы), зоолог (жануарлар маманы), герпетолог (қосмекенділер маманы), күтуші жөніндегі ұғымдарын нығайту; мамандардың зообақта атқаратын рөлі неде екенін анықтау; еңбекқорлыққа, жан-жануарларға аяушылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Зообақ қызметкерлеріне қажет заттар мен	Жас зерттеуші "Алтын күз" (зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет) Міндеттер: табиғи нысандар мен құбылыстарды бақылау білігі мен дағдыларын қалыптастыру; табиғат құбылыстарындағы себеп-салдарлық байланыстарды анықтай білу. Сөздік жаттығу. "Жаңа сөзді құрастырайық". (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет) Мақсат-міндеттері. Балалардың қоршаған заттар мен құбылыстар, олардың қасиеттері жайында білімдерін толықтыру; сөздік қорды байыту; ойлау, еске сақтау қабілеттерін дамыту; ой шапшаңдығына, ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Жаңбыр, шатыр, ай, аяқ, көз, шаш, көз, қап суреттері салынған мнемокарточкалар, түсі ақ карточка. Шарты. Педагог ұсынған мнемокаточкаларға қарап, сөзбен атап, одан жаңа түбірлес сөздерді тауып атау керек. - Жаңбыр - жаңбырлы. - Шатыр - қолшатыр. - Күн - күндіз, күнтізбе, күнбағыс. - Ай - Айжан, Айбол, Айнұр. - Аяқ - аяққиім, аяқтау. - Шаш - шашбау. - Көз - көзілдірік, Аякөз. - Қап - қолғап; қаптау. - Сары - сарғыш, Саржал, тоқсары. - Ақ - ақша қар, ақжелкен, аққала, Ақбала, Ақжан. Сюжетті-рөлдік ойын. «Телестудия» (қарым-қатынас, шығармашылық, еңбек іс-әрекеттері, танымдық іс-әрекет) Міндеттері: телевизия қызметкерлері туралы, олардың мамандықтары мен еңбегі жайлы түсініктерін

	жер, су, ауа немесе от деген сөздердің бірін айтады. Ойыншы допты ұстап алып, сөзге байланысты тез жауап беруі керек: Жер - Құрлық жануарын атау (мысалы, аю). Су - Балықты немесе теңіз жануарын атау (мысалы, кит). Ауа - Құсты атау (мысалы, көгершін). От - Орнында тез айналу немесе қолды бұлғау. Құрастырудан ойын-жаттығулар (шығармашылық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өз бетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу.		жалғастыру; әділетті ортада табысты даму амалдарымен таныстыру; шыншылдыққа, қамқорлыққа, достыққа тәрбиелеу. Ережелердің балалардың жайлы, қауіпсіз, әділетті өмір сүруіне қажетті екенін түсіндіру; кейбір ережелер сақталмаған жағдайлардың балалардың қауіпсіз, жайлы, денсаулыққа пайдалы әрекет етуіне кедергі болатынына көз жеткізу, балалармен талқылау. Балалардың өміріндегі (жақында болған) немесе көркем шығармада болған оқиғаны талқылау; әділетті шешімге келу жаттығуы. Оқиға бойынша әділ шешім қабылдау үшін жағдайды балалар өздері таңдайды немесе педагог ұсынады. Әділетті шешім үшін балаларға таныс көркем шығармадан мысал келтіру (немесе жаңаны оқып беру), әйгілі мақал-мәтелді қолдану: балалардың әйгілі әнді бірігіп айту, бірігіп ойнау, көмекке мұқтажды қолдау, тағы басқа амалдарды өздігінен, бірігіп табуға жағдай жасау.	құралдар; алғашқы медициналық көмек қобдишасы; ойыншық жануарлар және құстар; ойыншықтарға тор пішіндері. Дайын бейне пішінін бояу жаттығулары. Қазақ ою-өрнектері. (шығармашылық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояуға баулу. Қолдың ұсақ моторикасын, зейінді, түстерді ажырата білуді, бақылау сезімін жетілдіру. Табандылыққа тәрбиелеу.	қалыптастыру; еңбек нәтижелерінің мазмұны, сипаты мен маңыздылығын түсіндіру; байланыстырып сөйлеу дағдыларын, қиялын, коммуникативтік қабілеттерін дамыту; сөйлеу мәнері, мимика мен ым-ишараны көркем жеткізе білу қабілеттерін жетілдіру; топпен өзара әрекеттесу, келісу, өзгенің рөлін, пікірін құрметтеу дағдыларын дамыту.
Балалармен жеке жұмыс	Дидактикалық ойын «Айырмашылығын тап» Міндеттер: Балаларға екі суреттің немесе заттың айырмашылығын таба білуге; өз ойын айта білуге үйренеді. (танымдық іс-әрекет) Боямақ суреттермен жаттығулар. (шығармашылық іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Түстер мен олардың реңктерін беруді жетілдіру. Бейнелеу әдістерін (штрихтар) қолдану. Берілген бейненің сұлбасы шетінен шықпай бояуға үйрету. Бейнелеу сапасына көңіл аудару.	М. Монтессори технологиясымен жұмыс. Міндеттер: Геометриялық пішіндермен әр түрлі құрастыру жұмыстарын жүргізу. (танымдық іс-әрекет) Зерттеу іс-әрекеті Тақырыбы: Батады-батпайды Міндеттер: Өлі табиғатқа деген көзқарастын, құбылыстары мен объектілерін экологияларық қалыпты жағдай жүйелеу және тереңдету.	"Геометриялық пішіндерді санайық" дидактикалық ойыны. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру. Теңдік туралы түсінік қалыптастыру, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау. Көрнекілік. Ою-өрнектер, геометриялық пішіндер салынған карточкалар жиынтығы, геометриялық пішіндер. Артикуляциялық жаттығуы. «Ине» (қарым-қатынас іс-әрекеті, дене тәрбиесі) Ммақсат-міндеттер. Тыныс алу жүйесін нығайту; сөйлеуге қатысты дене мүшелерінің дыбыстарды айтуға икемділігін қамтамасыз ету	"Қаладағы жыл мезгілдері" дидактикалық ойын. Мақсат-міндеттері. Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту; жыл мезгілдері туралы сипаттамалық әңгімелер құрастыру кезінде байланыстыра сөйлеуді дамыту; бақылау, көрнекі зейін, еске сақтау қабілетін дамыту; туған қаланың табиғатына қызығушылықты тәрбиелеу. Барысы. Лото түріндегі ойын, бала белгілі бір маусымы бар суретті алады және сол жыл мезгілін сипаттап береді. Суреттерді таңдау кезінде педагог маусым туралы әңгіме құрастыруды ұсына отырып, тапсырманы күрделендіре алады. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)	"Кім көп атайды?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Қаланың есте қаларлық жерлеріне мағынасы жағынан сәйкес сөздерді таңдау қабілетін дамыту. Барысы. Астана - еліміздің әдемі, үлкен қаласы. (танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)
Серуенге дайындық	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: қол жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды, жеке тарақты жеке гигиена заттарын пайдалану; қажеттілігін түсінуге мүмкіндіктер жасау; гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. «Үнемділік». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарай білуді қалыптастыру. "Судың сұрауы бар". (қазақ мәтелі)				
Серуен	Жерге түскен жапырақтарды бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау барысында күзгі құбылыстар	Бұталарды (қарақат, таңқурай, жұпаргүл, итмұрын) бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардың тірі табиғат түрлері, бұталарды ағаштардан	Ауа райын бақылау. Күздің басы. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Күз мезгіліне тән тірі және өлі табиғаттағы маусымдық құбылыстарды (жапырақтардың түсуі)	Бұлттарды бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балаларға табиғаттағы су айналымы туралы түсінік беру; қорытынды жасауды үйрету.	Ересектердің жұмысын бақылау. Курьер-жеткізуші (зерттеу, танымдық, қарым-қатынас, еңбек іс-әрекеті, дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Ересектердің, курьер жеткізушінің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің

	дыбыстық талдау жасау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауыссты А дыбысын анықтау. Сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Қазақ тілі "Жыл мезгілдері. Алтын күз. О, Ө дыбыстары". Мақсат-міндеттері. Фонематикалық естуді дамыту, қазақ тіліне тән дыбыстарды айтуға дағдыландыру. Балаларға [-о], [-ө] дыбыстарын таныстыру; [-о], [-ө] дыбыстарының нақты артикуляциялық қалпын қалыптастыру, анық естуге, ажыратуға ынталандыру, буындарда, сөздерде дұрыс айтуға дағдыландыру; [-о], [-ө] дыбыстарын сөздің кез келген жерінен (сөз басында, ортасында, аяғында) табуды үйрету; ойын тиянақты жеткізуге баулу, байланыстыра сөйлеуге тәрбиелеу. Күзгі табиғатты сипаттап, күз айларын атауды үйрету. Табиғатты аялауға, сүюге, қорғауға тәрбиелеу. Математика негіздері "Заттарды санап көрейік" Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы «үш» және «төрт» сандары мен цифрлары жайлы білімдерін нақтылау; қозғалыс бағыттарын жетілдіру. Заттарды санау арқылы салыстыра білу дағдыларын қалыптастыру; заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру; қозғалыс бағыттарын бағдарлауды жетілдіру: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, алға, артқа; "Қанша?" сұрағын ажырату, оған дұрыс жауап беру; ізденімпаздыққа тәрбиелеу.	көгөністердің өсіп шығуы туралы түсініктерін жетілдіру. Адамдардың (бақшадағы) еңбегіндегі өзара байланыстарды байқау. Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу. Қиярды өз қолымен өсіру іс-тәжірибелерін жасау арқылы қияр туралы ұғымдарын толықтыру. Танымдық үрдістерін дамыту; бір-бірін мұқият тыңдап, қойылған сұраққа нақты және толық жауап бере білуге тәрбиелеу; еңбексүйгіштікке баулу. Көркем әдебиет "Нұрлан Құмардың «Тәтті алма» әңгімесімен танысу" Мақсат-міндеттері. Балаларды Нұрлан Құмардың «Тәтті алма» әңгімесімен таныстырып, көркем шығарманы мұқият тыңдап, мазмұны бойынша толық жауап беруге дағдыландыру; әңгіме жанрының ерекшеліктерін, көркемдік құралдарын байқату; мақал-мәтелдердің мәнін түсінуге көмектесу, кез келген сәйкес жағдайларда қолдануға үйрету; ауыл шаруашылығы еңбегін, адамның барлық еңбек түрін құрметтеуге тәрбиелеу. Математика негіздері "Қанша салсаң, сонша жинайсың". Мақсат-міндеттер. Балалардың ұғымында «төрт» саны туралы түсінік қалыптастыру, оның таңбасын тану, атау іскерлігін жетілдіру; «үш» пен «төрт» сандарының көрнекілік негізінде заттарды бір-біріне беттестіру және тұсына қою тәсілдері пайда болуын көрсете алу қабілетін дамыту; "Қанша?" сұрағын ажырату, оған дұрыс жауап беру; қағаз бетінде бағдарлай білу дағдыларын жетілдіру.	сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу. Етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру. Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу. Күз мезгілінің байлықтарын түсіндіру. Дене тәрбиесі "Достарыңа көмектес" пысықтау. Мақсат-міндеттері. Балаларды түрлі қарқында жүру; заттарды аттап жүгіру; екі аяқты қосып заттардың арасымен (арақашықтығы 4 м) секіру дағдысын пысықтау. Балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту. Музыка "Қатар түзеп сапқа тұру" ("Күз қазан") Мақсат-міндеттері. Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. Қазақ халық аспаптары: домбыра үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, "күй" жанрымен, күйші-композитор Құрманғазының шығармасымен таныстыру. Мажорлық және минорлық сипаттағы әндерді ажырата білуге үйрету; дыбыс ұзақтығы туралы ұғым беру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру. Ән айту дағдыларын қалыптастыру. Музыка әуенімен бірге би ырғақтарын үйлесімді жасай білуге дағдыландыру.	талдау, салыстыру, ажырату. Қазақ тілі "Күз сыйлары". Мақсат-міндеттері. Балаларды көгөністер туралы өлеңмен таныстыру; «күзгі егін» ұғымын дамытуды жалғастыру; көгөністер мен жемістер, геометриялық фигуралар туралы білімдерін нақтылау; мәтіндегі көгөністердің атауларын нақты айтқызу, көгөністер туралы өлеңді мәнерлеп оқуға дағдыландыру; сұрақтарға қысқа немесе толық жауап беруге баулу; зияткерлік картамен жұмыс істеу кезінде қазақ тілінде көгөністер мен жемістер туралы қарапайым сөйлемдер құрастыруды үйрету. Музыка "Менің балапандарым қайда?" Мақсат-міндеттері. Балаларды шығармалардың көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажыратуға үйретуді жалғастыру. Қазақ халық аспаптары: домбыра үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, "күй" жанрымен, күйші-композитор Құрманғазының шығармасымен таныстыруды жалғастыру. Мажорлық және минорлық сипаттағы әндерді ажырата білуге үйрету; дыбыс ұзақтығы туралы ұғым беру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру. Ән айту дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру. Музыка әуенімен бірге би ырғақтарын үйлесімді жасай білуге пысықтау. Мүсіндеу "Күзгі жапырақтар" Мақсат-міндеттері. Балалардың күз туралы білімдерін кеңейту, күзгі жапырақтар туралы мәлімет беру. Ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеудің ерекшеліктерін білуге үйрету. Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану. Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау.	"Күзгі жапырақтар шашуы" Мақсат-міндеттер. Балалардың ұғымында «төрт» саны туралы түсінік қалыптастыру; 4 цифрын тану және 4-ке дейін жылдам санауға жаттықтыру; «төрт» жиын санының екі ең кіші қосымшалары «бір» және «үш», «екі» мен «екіден» құрылатынын түсіндіру; теңдік туралы түсінікті жетілдіру, бірыңғай топтардың санын анықтау, топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау; "Қанша?" сұрағына жауап беру; кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта), ажырату. Дене тәрбиесі "Бір орында екі аяқпен секіру". Мақсат-міндеттері. Балаларға бір орында екі аяқты қосып, тұрған жерін айналып секіруді үйрету; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; еңкіс тақтайдың үстімен жүрелеп жүруге дағдыландыру; ептілікке тәрбиелеу. Балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту.
2-ші таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуенге дайындық	(өзіне-өзі қызмет көрсету, мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын дамыту: өздігінен, жүйелі түрде киімін шешіп (киіп), шкафтағы орнына орналастыра білуді қадағалау; киінуде құрдастарына көмекке келе білуді дамыту; жылдамдыққа, тиянақтылыққа баулу; гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру: ережені, тазалықты, әдептілікті сақтау. «Қауіпсіздік». Балалардың жеке бас қауіпсіздігі және денсаулықты сақтау қауіпсіздігі, табиғатты сақтауға қатысты қарапайым ережелерді қайталау, белгілеу; "дұрыс" не "дұрыс емес" үшін жауапкершілікті сезіне білуге көмектесу; зеректікке, сыпайылыққа тәрбиелеу.				

	BilimKids дамытушы мультфильмі Киюді үйрену https://cdn.onlinebalabaqsha.kz/inside2020/storage/media/videos/video_file/12/uchimsya-odevatsya.mp4				
Серуен	Күз мезгілінің басындағы ауа райын бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Табиғаттағы маусымдық өзгерістерді, күз мезгіліне тән себеп-салдардық байланыстарды түсінуге мүмкіндік жасау; өлі табиғат пен тірі табиғат туралы білімдерін кеңейту. Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу. Сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу. "Күз мезгілінің белгісін ата, болғанын дәлелде" зерттеу жаттығуы. Міндеттері. Күз мезгіліне тән тірі және өлі табиғаттағы маусымдық құбылыстарды байқауға үйрету; арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылауға және түсінуге ынталандыру. Сәкен Сейфуллин "Күз". Алтын күз бірде шуақ, бірде салқын, Жер мен көк жалтыраған сап-сары алтын. Ағашта жапырақтар сылдырлайды, Мұқағали Мақатаев "Төгілген алтын теңге сансыз жалқын". Сап-сары жапырақтар Сап-сары жапырақтар… Сал-сары жапырақтар… Саудырап құлап жатыр атырапқа. Біреудің жанарында, Біреудің табанында, Сап-сары жапырақтар жоғалуда. Қаусаған қаңқасы тұр ағаштардың, Жасыл бақ тоналуда, тоналуда. "Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, “Мен - түлкі!” сигналы бойынша қолға түспей, жалтарып, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту (қалыптастыру, жетілдіру); қимылдарды үлестіруге, ептілікке тәрбиелеу. «Өнегелі тәрбие». Еңбек: бақшадағы жұмыс. Көгөністерді жинау. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Бақшадағы көгөністерді жинауға атсалысып, ересектер мен	Бақылау. "Көгөніс өсірушілер мен бағбандардың еңбегі". (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Туған өлкенің өсімдіктері (көкөністер) туралы түсініктерін кеңейту. Көгөніс өсірушілер мен бағбандар мамандарының көгөністер өсіру бойынша жұмыстардың жүйелілігі, техниканы пайдалану және олардың көгөніс өндірісіндегі рөлі туралы балалардың білімдерін нақтылау. Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу. Сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу. Көгөністер мен жемістердің атауларын жинақтау, жалпылауды дұрыс қолдану («көгөністер», «жемістер»). "Бақшаға не отырғызылып жатыр?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға заттарды белгілері бойынша (өсу орнына қарай, қолданылуына қарай) жіктеуге дағдыландыру, тез ойлауды, есту зейінін дамыту. - Балалар, сендер бақшаға не отырғызатынын білесіңдер ме? Мен әртүрлі заттарды атаймын, сендер мұқият тыңдап жауап бересіңдер. Егер мен бақта өсетінді атайтын болсам, «иә» деп жауап бересіңдер, ал егер бақшада өспейтін болса, «жоқ» деп жауап бересіңдер. Кім қате жіберсе, сол ұтылады». - Сәбіз. (Иә!) - Қияр. (Иә!) - Қызылша. (Иә!) - Өрік. (Жоқ!) «Адал азамат. Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті. Бақшада өсірілген көгөністердің орнын тазалау. Мақсат-міндеттері. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, жауапкершілікке баулу. Қауіпсіздік. Еңбектегі қауіпсіздік ережелерін қайталау, қадағалау. "Тым-тырақай" ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Ынта мен	Жапырақтардың жерге түсуін бақылау. Күзгі жапырақтарды қарастыру. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсаты-міндеттері. Табиғат құбылыстары (маусым) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну; зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, салыстыру. балалармен бірге жапырақтардың жерге түсуін бақылату, күзгі маусымға тән құбылыс деп түсінуге көмектесу; ұлпа арқылы жапырақтардың құрылымын қарастыру, ойларымен бөлісуге мүмкіндік беру. Сәкен Сейфуллин (Алтын күз) Алтын күз бірде шуақ, бірде салқын, Жер мен көк жалтыраған сап-сары алтын Ағашта жапырақтар сылдырлайды, Төгілген алтын теңге сансыз жалқын. Сары алтын батсайыдай дала мидай, Үйілген мая-мая қызыл мидай Қырманда қызыл алтын, қызыл маржан, Жайнайды жаратылысберген сыйдай. «Адал азамат. Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: жапырақтарды гербарийге, бүршіктерді кешелек шығармашылық жұмыстарға жинау. Мақсат-міндеттер: балаларды еңбек әрекетіне саналы қарауға, ұқыптылыққа, жауапкершілікке тәрбиелеу; табиғи тастандыларды қайта пайдалану амалдарымен таныстыру; үнемділікке баулу. "Тауық қорасындағы түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Жалтарып жылдам жүгіруді, қимылдарды үйлестіруге дағдыландыру; күш-жігерді шапшаңдықты, шыдамдылықты дамыту. Алаңның бір жағында "тауық қора" орналасады. Ол үшін орны сызылады.	Көгөніс бақшасындағы жұмысты бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Туған өлкенің өсімдіктері (көкөністер) туралы түсініктерін кеңейту. Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білуге ынталандыру. Адамның бақшадағы еңбегі туралы, "бақша" ұғымын бекіту; өсімдіктердің жіктелуі, сипаты туралы білімдерін тиянақтау. Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу. Сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу. Жұмбақтар. 1. Бақшада өседі, көп өнімдерін береді. (Көгөніс.) 2. Жер астында жез қазық, Жеуге болар ас қазық. (Сәбіз.) 3. Әр желінің асты толған көк қоян, Жаз болғанда көк қоянды жеп қоям. (Қияр.) Эксперименттік іс-әрекет. "Бақша арамшөптен арылмаған жағдайда не болады?" (зерттеу іс-әрекеті) Тәжірибенің мақсат-міндеттері: болашақ егін үшін арамшөптердің рөлін эксперименталды түрде көрсету. Эксперименттің барысы: балабақшаны жүйелі түрде арамшөптермен тазарту арқылы балалар бір егіннің кішкене учаскесіне қол тигізбейді. Біраз уақыттан кейін олар арамшөптердің мәдени өсімдіктерге қарағанда тез өсетініне сенімді болады. Соңғысы, жарықтың жетіспеушілігінен зардап шегеді, өсуден айтарлықтай артта қалып, жұқа, әлсіз болады. Себілген тұқымдарды көру үшін оларды шөптен ұзақ іздеу керек. "Бақшашылар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балалардың көгөністерді бірлесіп жинауларын ұйымдастыру. Ойын ережесі: тәрбиешінің белгі беруін күтіп, эстафетаны жалғастыру. "Ақсақ үйрек" украин ұлттық қимыл-	Қауіпсіздік. Күнді, күн сәулесінің қозғалысын бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Өлі табиғаттың алуан түрлілігі, көкжиектер туралы түсініктерін кеңейту; қызығушылықты тәрбиелеу; табиғаттағы өзгерістер мен күннің позициясы арасындағы байланысты орнату қабілетін дамыту; күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызын түсінуге көмектесу. Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу. Сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу. Қауіпсіздік. Күнге тура қарамау қауіпсіздік ережесін бекіту; көк шыны, пленканы қолдануға үйрету. Жұмбақ. Жалғанда бір нәрсе бар аяқ қапты, Ұшады кешке дейін дамыл таппай. (Күн.) - Балалар, күн жоғары болған кезде өте ыстық болады. Таңертең және кешке күн төменірек болады, сондықтан ол онша ыстық емес. Күннің шығатын және бататын уақыттарын бақылап отырыңдар. Күн бататын жерді белгіленде. Болжам. - Күн көзі күз айларында бұлттанып батса жаңбыр болады. - Күн құлақтанып шықса, не боран, не аяз болады. - Күн құлақтанып батса, ауа райы жылынуға бет алғаны. Тәжірибе. "Күн сәулесі". Мақсат-міндеттері. Заттың жарығы мен бейнесін бірнеше рет қалай көрсетуге болатынын мысалмен көрсету керек (оны көрінбейтін жерде көру). Эксперименттің барысы. Күн шуақты күні балалар күнді "қоянға" қарайды. Оны қалай алуға болатынын талқыланған (айнадағы жарық шағылысы). Олар қабырғадағы «қоянға» күн түскен жерде басқа айна қойса не болатынын біледі (ол тағы бір рет шағылысады). Балалар

	жолдастарына белсенді түрде көмек көрсеткен балаларды мақтау; дербестікке, жауапкершілікке баулу. Қауіпсіздік. Еңбектегі қауіпсіздік ережелерін қайталау, қадағалау. "Ақ сандық, көк сандық" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; ойын шартын бұзбай ойнай білуге дағдыландыру; ойын жүргізушіні мұқият тыңдай білуге, шыдамдылыққа, шапшаңдыққа баулу. Екі бала бір-біріне арқаларын беріп, қол ұстасып отыру керек. Жүргізуші былай жариялайды: Ертең ауылым көшеді, Уық-буын шешеді. Қара қойым қашады, Құмалағын шашады. Ақ сандық, көк сандық, Арқан тарт, кілем арт! "Допты қақпаға түсіру" қимылды ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату, "қақпаға"допті өткізуді, дәлдікке, шапшаңдыққа баулу. Еркін ойындар.	шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; ойын шартына сай ойнауды баулу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту. Ал, кәнеки, балалар, Бір, екі, үш - деп, санаңдар! Бір, екі, үш! Ал тараңдар! Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек. Екі, үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "бір, екі, үш" - деп санағанша, балалар тез шеңбер құрып тұрады. Ойын қайта басталады. "Кім қапшаны алыс лақтырады?" қимылды ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: оң және сол қолымен 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықтан лақтыруды үйрету, белгі бойынша әрекет ету біліктіліктерін дамыту. Еркін ойын. "Көгөністер дүкені". Мақсат-міндеттері. Көгөністер мен жеміс-жидектерді құмнан мүсіндеу. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Берілген ойын тақырыбында шығармашылық, белсенділік көрсеткендерді мақтау; ойынға қызығушылықтарын қолдау және дамыту. Көгөністер мен жемістер туралы алған білімдерін бекіту.	Бұл жерге тауық, балапандарды сомдайтын балалар жиналады. Алаңның қарама-қарсы жағында "түлкінің іні" орны сызылып, түлкіні сомдайтын бала санамақпен таңдалады. "Тауықтар, жем шаштым!" - деп жүргізуші (педагог) ойыншыларды алаңға шақырады. "Тауықтар мен балапандар серуенге шығады, жүреді, ұшады, жем шоқиды". "Түлкі!" деген белгі естілген кезде "түлкі" інінен шығып, тауықтарға шабады, оларды ұстап алуға ұмтылады". "Тауық пен балапандар қораға қаша жөнеледі". "Ұсталынды" деген баланы қолмен түртіп қалу керек. Балалар "қора" сызығынан асып кетсе, "түлкі" ұстай алмайды. Ойын "түлкінің іні толғанша" қайталанады. Басқа "түлкіні" ойнату үшін, санамақты қайта қолдану керек болады. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Қазан». (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу, қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу.	қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балалардың секіру дағдысын, күш-жігерін, шыдамдылығын дамыту. Алаңда бір аяғымен жүру дағдысын жетілдіру, мына сөзден кейін осындай қозғалыс жасау: "Күн шықты, ойын басталды"; ойын шарттарын сақтау (екі аяғын қатар жерге қоймау керек). "Допты қуып жетіңдер!" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Серуенде қимылды ойындарға қатысуға қызығушылықты арттыру. Балалардың доп ойындарына қызығушылықтарын арттыру; допты тура бағытта домалатып, оны қуып жетуге дағдыландыру; шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу; достыққа тәрбиелеу. Педагог балаларды екі топқа бөліп, түзу сызықтың бойына тұрғызып, қай баланың атын атайды, сол бала педагог домалатып жіберген допты тез қуып жетіп, келесі кезекте тұрған балаға береді. 2-3 балаға дейін атап шақыруға болады. «Өнегелі тәрбие». Еңбек: бақшадағы жұмыс. Көгөністерді жинау. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Бақшадағы көгөністерді жинауға атсалысып, ересектер мен жолдастарына белсенді түрде көмек көрсеткен балаларды мақтау; дербестікке, жауапкершілікке баулу. Қауіпсіздік. Еңбектегі қауіпсіздік ережелерін қайталау, қадағалау. Еркін ойындар.	педагогтің сөздерінің дұрыс екеніне тәжірибе арқылы көз жеткізеді. «Өнегелі тәрбие». Еңбек: ағаштардан жерге түскен бұтақтарды жинау. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу; бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, жауапкершілікке баулу. Қауіпсіздік. Еңбектегі қауіпсіздік ережелерін қайталау, қадағалау. "Шымшықтың балапандары мен мысық" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша алаңда жүгіруге дағдыландыру; шапшаңдық пен ептілікті дамыту, табандылыққа тәрбиелеу. Балалар "торғайлардың" рөлін сомдайды, санамақ арқылы "мысықты" таңдайды. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының "Итеріспек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Ұлттық ойындарды ойнату; күштілікке, ептілікке, ойын кезінде бірін-бірі түсінуді үйрету. Қауіпсіздік: ойын шартын қауіпсіз орындауға үйрету. "Осындай бола ма, болмай ма?" дидактикалық ойыны. (танымдық іс-әрекет) Сұраққа жауап беруді және жауабын түсіндіруді үйрету. Күзде қар жауа ма? Күн шығып тұр, жаңбыр жауып тұр?
Серуеннен оралу	(танымдық іс-әрекет, мәдени-гигиеналық дағдылар) Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру. Басқа адамдарға (топтастарына) қолдау көрсетуге, көмек беруге баулу. Киімдерін ретпен шешіп, шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қолды (жеңді түріп, қолды сабындап, суды шашыратпай, қол тазарғанша) жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Айна алдында үсті-басын ретке келтіріп, шашын тарау. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. «Үнемділік». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарай білуді қалыптастыру. "Судың сұрауы бар". (қазақ мәтелі) «Адал азамат. Өз ісіне жауап беру». «Киімімді өзім жинаймын» еңбек тапсырмасы (танымдық іс-әрекет) Мақсат-міндеттері: Жеке заттарына жауапкершілікпен қарау, ұқыптылық қасиеттерін дамыту. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. https://bilimkids.kz/kk/regime-process/7100?l=92&l=94 Тапсырма: Серуеннен келген соң балалар сырт киімдері мен аяқ киімдерін өз шкафтарына ұқыпты орналастырады.				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар				

	«Үнемділік». Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау. Көркемсөз Су ағызып шүмектен, Беті-қолды жуамын. Мойын, мұрын, құлақты, Тазалатып тұрамын! (мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	«Мобильді кітапхана». «Бір күнде бір ертегі» дәстүрлі іс-шарасы. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері: балаларға таңдаулары бойынша күн сайын 10-15 минут ертегі оқып беру; кітапқа қызығушылығын арттыру; әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау.				
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	Төсек-орынды ретке келтіру: көрпе-жастықтың тысын ауыстыру. Көркемсөз Түс мезгілі, түс мезгілі. Балапандар ұйқыға кірісті. Балапандар көреді түсті, Ғажайып сиқырлы әлемді. Балалар ұйқыдан оянады. (дене тәрбиесі)				
	«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары. "Өз төсегімізді жинауды үйренеміз". Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, өзіне-өзі қызмет етуде дербестік пен жауапкершілікке баулу; өз төсегіне күтім жасауға дағдыландыру; ұқыптылыққа тәрбиелеу. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару. Салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыру: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су сияқты факторлар туралы түсініктерді кеңейту. Сауықтыру-шынықтыру шараларын өз бетінше жүргізуге дағдыландыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту. "Сауықтыру жолағымен жүру".				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Дидактикалық ойын. "Не артық?" (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет) Мақсат-міндеттері. Балалардың заттар мен құбылыстар классификациясы жөніндегі білімдерін бекіту; аналитикалық және синтетикалық қабілеттерін, елестету, зейін қабілеттерін дамыту. Құралдар. Бірнеше заттар топтамалары немесе олардың заттық сурет-карточкалары. Жүргізуші бір топтамаға және оған жатпайтын заттарды атайды (көрсетеді), ойыншылар артық затты атау керек. Заттардың жалпы саны төртеу болады. Қаржылық сауапттылық. Сюжетті-рөлдік ойын. "Азық-түлік" дүкені. (қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардың "Азық-түлік" дүкені, сатушының қызметі жөніндегі ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу. Қаржылық сауаттылық негіздерін қалау. Сатушы мамандығы, еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну	Жас зерттеуші: "Үй жануарларының төлдері (күшік)" (зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет) Мақсат-міндеттері. Балаларды күшікпен таныстыру; ересектердің көмегімен күшікке қамқорлық жасауға дағдыландыру; ақыл-ойын дамыту; баланың қоршаған ортаға сүйіспеншілігін арттыру, адамгершілікке тәрбиелеу. Дамытушы жаттығу. "Қанша және қандай айырмашылықтары бар?" (зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардың қабылдау, зейін, ойлау қабілеттерін дамыту; зеректікке, байқағыштыққа тәрбиелеу. Құралдар: суреттердің жұптары (екінші суретте бірінші суретке қарағанда, көзге көрінбейтін бірнеше өзгерістер болады). Сюжетті-рөлдік ойын. "Аспазхана". (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардың аспазханада жұмыс істейтін мамандар: аспаз, даяшы, кассир, гардероб	Қаржылық сауапттылық. Сюжетті-рөлдік ойын."Киімдер" дүкені. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. "Киімдер" дүкені, киім сатушы жұмысының ерекшелігі жөніндегі балалардың ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу. Қаржылық сауаттылық негіздерін қалау. Сатушы мамандығы, еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау. Құралдар. Сөрелер, қораптар, ілмектер, киім үлгілері (көрнекілік қуыршаққа арнайы тігілген); ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, қаражат қағаздары; қуыршақтар. Тауарлар сапалы болса, жақсы сатылатыны жайында, қаржы және тауар алмасу нәтижесін, "пайда" ұғымын талқылауды ұсыну. Дидактикалық ойын.	**Вариативтік компонент** Дамытушы ойын. "Қайда болғанымызды айтпаймыз, көргенімізді көрсетіп қайтамыз". (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардың ойлау, тапқырлығын дамыту.. 1-нұсқа. Педагог жұмбақтарды қимыл арқылы көрсетеді, балалар көрсетілген затты, жан-жануарды, құбылысты көрсетеді. 2-нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды кезегімен көрсетеді. Сюжетті-рөлдік ойын. "Балабақша". (қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардың балабақшаның қызметі жөніндегі, осы мекеме мамандарының негізгі қызметі жайындағы жалпы ұғымдарын тиянақтау, пысықтау; жеке тұлғасының қабілеттерін, нәтижелі қарым-қатынастарды құру қабілеттерін дамыту. Құралдар. Балабақшада жұмыс істейтін мамандардың құралдары: мейірбике, тәрбиеші, тәрбиешінің көмекшісі,	Дамытушы жаттығу. "Қанша затты көрсең, сондай санды көрсет". (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардың әркелкі орналасқан заттарды көзбен қарап, санап алу қабілетін арттыру, жиын санын карточка арқылы көрсетуге ынталандыру; қабылдау, зейін қабілеттерін, ой шапшаңдығын дамыту. Құралдар. Түрлі заттардың топтамалары кез келген жиындарда салынған көрнекілік карточкалары; үлестірмелі сандар. Театрландырылған қойылым. "Шалқан" ертегісі. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекет) Мақсат-міндеттері. Әйгілі ертегінің мазмұнын балалардың естеріне түсіру, еске сақтау, ой-қиял, эмоциялық, пантомимикалық, қатынастық қабілеттерін дамыту. Құралдар. "Шалқан" ертегісіне қатысатын кейіпкерлердің киімдері, маскалары,

	және бағалау. Құралдар. Сөрелер, сөмкелер, қорапшаларда немесе пластик қаптарда жармалар, әртүрлі макарондар, қатты азықтар, сүт өнімдерінің қораптары (қап ыдыстары), түрлі пішінді себеттер, ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, қаражат қағаздары. Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: тауарларды ережелерге сай күтсе, сақтаса, олар бұзылмайды. Тауарлар сапалы болады, жақсы сатылады; дүкендерде сатушы мен сатып алушы сыпайы сөздерді қолданып, әдептілік ережелерін ұстануы тиіс; сатушының еңбегін құрметтеу керек; сатып алушының таңдауын құрметтеу керек. Қаржы және тауар алмасу нәтижесін, "пайда" ұғымын талқылауды ұсыну. Құрастырудан ойын-жаттығулар (шығармашылық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өз бетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу.	қызметкері туралы білімдерін тиянақтау; қоғамдық орындарда әдептілік, тамақтанудағы әдеп ережелерін меңгерту және оны ұстануға ынталандыру; сыпайылық негізінде қарым-қатынастарды құруға, еңбекті қадірлеуге тәрбиелеу. Құралдар.Аспазхана жиһаздары (үстелдер мен орындықтар), аспазхана қызметкерлеріне (аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері) киім үлгілері мен құралдары. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды. Адамдарды дәмді тағамдармен тамақтандыру үшін аспазхана қызметкерлері көп еңбектенетінін айту. Ойында"рақмет" пен "өтінемін" сөздерін қолдану, үстел басында тыныштық сақтау, асықпай тамақтану, құралдарды дұрыс пайдалану, қоғамдық орындарда тәртіпке бағыну.	"Қарама-қарсы сөздер" (мезгілдер және құбылыстар). (зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Заттар мен құбылыстардың қасиеттері туралы балалардың білімдерін тереңдету, тиянақтау; ой шапшаңдығына, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; сөздік қорды байыту. Ертегі көрсету. "Алтын алма" (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекет) https://bilimkids.kz/media/video/altyn-alma Сюжетті-рөлдік ойын. "Қонақ күтеміз". (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)	аспаз, аула тазалаушы. «Әділеттілік - адамгершілік». "Дұрыс па, бұрыс па?" жаттығуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру; әділетті ортада табысты даму амалдарымен таныстыру; шыншылдыққа, қамқорлыққа, достыққа тәрбиелеу. Ережелердің балалардың жайлы, қауіпсіз, әділетті өмір сүруіне қажетті екенін түсіндіру; кейбір ережелер сақталмаған жағдайлардың балалардың қауіпсіз, жайлы, денсаулыққа пайдалы әрекет етуіне кедергі болатынына көз жеткізу, балалармен талқылау. Балалардың өміріндегі (жақында болған) немесе көркем шығармада болған оқиғаны талқылау; әділетті шешімге келу жаттығуы.	шалқанның нақпішіні. Педагог балаларға "Шалқан" ертегісінің мазмұнын қайталатады. Балалар өз қалаулары бойынша кейіпкерлерді таңдайды, өз костюмдерін киіп, орындарына барады. Авторды балалардың арасынан ұсынуға болады. Қойылым соңында педагог кейіпкерлерді сомдаған балаларды жеке қатарға шығарады, олардың қайсы, кімнің рөлін атқарғанын көрермендерге таныстырып жатады; балалардан шығарманың осылай аяқталғанына не себеп болғанын анықтайды, кейіпкерлердің әрекеттеріне талдау жасатады. "Аналар мектебі". Еңбек: "Орындықтарды жуу". (еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет) Мақсат-міндеттері. Топтық бөлмедегі орындықтарды таза ұстауды, оларды дымқыл шүберекпен сүртуді, орындарға қоюды үйрету. Өз ісіне адал болуға, жауапкершілікке, ересектерге көмектесуге ынталандыру, еңбек нәтижесін құрметтеуге тәрбиелеу.
Балалармен жеке жұмыс	Осы мерзімдегі "Балалармен жеке жұмыс" бөлімшесі бастапқы мониторинг нәтижелеріне сәйкес толтырылады.	Осы мерзімдегі "Балалармен жеке жұмыс" бөлімшесі бастапқы мониторинг нәтижелеріне сәйкес толтырылады.	Осы мерзімдегі "Балалармен жеке жұмыс" бөлімшесі бастапқы мониторинг нәтижелеріне сәйкес толтырылады.	Осы мерзімдегі "Балалармен жеке жұмыс" бөлімшесі бастапқы мониторинг нәтижелеріне сәйкес толтырылады.	Осы мерзімдегі "Балалармен жеке жұмыс" бөлімшесі бастапқы мониторинг нәтижелеріне сәйкес толтырылады.
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) «Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». Балалардың жеке бас қауіпсіздігі және денсаулықты сақтау қауіпсіздігі, табиғатты сақтауға қатысты қарапайым ережелерді қайталау, белгілеу; "дұрыс" не "дұрыс емес" үшін жауапкершілікті сезіне білуге көмектесу; зеректікке, сыпайылыққа тәрбиелеу.				
Серуен	Қауіпсіздік. Мысықты бақылау. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: мысықтың тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: жануарлар қозғалады (жүреді, жүгіреді, секіреді); қоректенеді (етпен); қоршаған ортаны көз, мұрын, құлақ көмегімен сезе білетінін анықтау; сипаттау мәтінін құрастыра білуге машықтандыру; есте сақтау қабілеттерін, байқампаздықтарын дамыту; қамқорлыққа тәрбиелеу. Жануарларды бақылауда қауіпсіздік ережелерін сақтауды түсіндіру. Көркем сөз. "Мысық". Б. Соқпақбаев Үстінде үйдің	Қауіпсіздік. Бағдаршамды бақылау. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: жолда қауіпсіздік ережелерін сақтауға, бағдаршам, жол белгілерін білуге, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өтуге ынталандыру. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипедке арналған жол) білуге ынталандыру. Жұмбақ. Жоқ өзінде бас та, ауыз да, құлақ та, Бақырайған үш көзі бар бірақ та. (Бағдаршам) Балалар бағдаршамның үш түсі нені білдіретінін айтады; жолда тәртіптің қалай сақталатынын түсіндіреді.	Қауіпсіздік. Қарғаны бақылау. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: қарға құсы туралы туралы білімді тиянақтау, бақылағыштыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. Қара түсті қарқылдақ, Ұшып – қонып жалпылдап. Қоқыстарды шоқиды, Жем іздейді там – тұмдап. (Қарға) Қарғаның балапанына аса мұқият, қамқорлықпен қарайтынын, адамның сөздеріне еліктеп, қайталай білу қабілеті туралы баяндау. Қарғаның өте ақылды құс екенін бейнежазбадан көрсету (жаңғақты шағу, шөлмектен қоректі алып шығу).	Қауіпсіздік. Көліктерді бақылау. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: көлік құралдарының түрлерін бекіту; көліктерді жүргізетін тек ересектер болатынын байқату; көлікті жүргізу үшін рұқсат болу керектігін түсінуге жағдайлар жасау; жол ережелерін пысықтау. Ережені есте сақтау жаттығуы. Жұмбақ жасыру. "Бағдаршамның шамдары". Мақсат-міндеттер: балалардың жол ережелері туралы түсініктерін пысықтау, бекіту; ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. Мен қауіптен абайлаймын: "Тоқта! Тұр!" – деп тік қараймын.	Желді бақылау. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: Балалардың өлі табиғат түрі, жел, туралы түсініктерді кеңейту; балаларға желді, жапырақтарға, бұтақтарға, жалауларға, бұлттарға қарап байқауға болатынын көрсету; желдің баяу және қатты соққанын байқауға дағдыландыру; зеректікке, табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру. Педагог балаларға жапырақ, жалауларға, бұтақтарға қарап желді бар не жоқ екендігін байқауға шақырады. Балалар желді қатты соғып не баяу есіп тұрғанын айтады.

	Тұр еді мысық. Қасына келді Бір торғай ұшып. бассалмақ болып, Ыршыды мысық. Жалт берді торғай, Пыр етіп ұшып. Биіктен жерге Топ ете түсіп, Мысықтың қалды Жамбасы ісіп. «Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: ойын алаңындағы ұсақ қоқыстарды жинап, шығару. Мақсат-міндеттер: жаупкершілікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелерін сақтау. "Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартына сай ойнауға, рөлді дәл атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, жалтарып жүгіруге машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Мысығымыз момықай, Жүреді аулада андамай. Тышқан көрсе - бас салады! Кім тышқанды құтқарады? "Кім қапшаны алыс лақтырады?" қимылды ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: оң және сол қолымен 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықтан лақтыруды үйрету, белгі бойынша әрекет ету біліктіліктерін дамыту. Еркін ойындар: шығарылған материалдармен ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, секіртпеден секіру.	"Бағдаршамның шамдары". Мен қауіптен абайлаймын: "Тоқта! Тұр!" – деп тік қараймын. Мен – ортаңғы дөңгелекпін, "Досым, дайындал!" – деп әлекпін. Мен рұқсат беріп тұрамын: "Жүре бер!" – деп шақырамын. Д. Ахметова. Педагог ойыншық машиналарды, ұсақ қуыршақтарды, бағдаршам макетін қолданып, көшені құрастыртып, ойынды ұсыну мүмкін. «Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: жолдарды құм мен ұсақ қоқыстардан тазалау. Мақсат-міндеттері: жұмысты таза, тиянақты орындау. "Бағдаршам" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері: байқампаздықты, зейінділікке тәрбиелеу, құрдастарымен қарым-қатынастарын талқылау. "Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, “Мен - түлкі!” сигналы бойынша қолға түспей, жалтарып, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту (қалыптастыру, жетілдіру); қимылдарды үлестіруге,ептілікке тәрбиелеу. "Допты бастаушыға" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері: допты лақтырып және екі қолымен қағып алуға жаттықтыру; щапшаңдыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу.	«Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: ауланы (құмсалғыштың шеттерін, үлеске орындықтарын, еденін) сыпыру. Мақсат-міндеттер: еңбексүйгіштікке, ересектерге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу. Құралдары: балаларға арнайы сыпырғыштар, щеткалар, қолғаптар. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». "Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: ұлттық ойындарды ойнату; балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. "Кім жылдам?" қимылды ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: кедергілерді жойып, жан-жаққа жүгіру біліктіліктерін бекіту. "Допты қуып жетіңдер!" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Серуенде қимылды ойындарға қатысуға қызығушылықты арттыру. Балалардың доп ойындарына қызығушылықтарын арттыру; допты тура бағытта домалатып, оны қуып жетуге дағдыландыру; шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу; достыққа тәрбиелеу. Өз бетінше еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, доппен жаттығу. Мақсаты: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту	Мен – ортаңғы дөңгелекпін, "Досым, дайындал!" – деп әлекпін. Мен рұқсат беріп тұрамын: "Жүре бер!" – деп шақырамын. Балалар бағдаршам шамдарының түстері нені білдіретінін айтып, жол ережелерін қайталайды. «Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: ойын алаңындағы ұсақ қоқыстарды жинап, шығару. Мақсат-міндеттер: жаупкершілікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелерін сақтау. "Автокөліктер" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: алғырлықты, жүгіру жылдамдығын, бәсекелестік сезімін дамыту. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»."Үш табан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: балаларды мергендікке, шыдамдыққа, ұқыптылыққа,ептілікке тәрбиелеу; асықты қолда қолда еркін ұстап, ойын алаңында белгілі қимылдарды жасауға дағдыландыру. "Допты қақпаға түсіру" қимылды ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату, "қақпаға"допті өткізуді, дәлдікке, шапшаңдыққа баулу. Еркін ойындар: шығарылған материалдармен ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, екі аяқпен секіру. Мақсат-міндеттер: аяқты бүгіп, жерге түсу біліктіліктерін дамыту.	"Жел қайда соғып тұр?" логикалық жаттығуы. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: балалардың кеңістікті (жазықтықты) бағдарлай білу қабілеттерін жетілдіру; оң мен сол жақты ажыратуға машықтандыру; объектіге немесе суреттегі объектіге қарап, жел қайда соққанын үстеу сөздерді қосып айтуға баулу; ақыл-ойыны дамыту. Құралдары: сюжетті суреттер (суреттерді жалаулар оң және сол жаққа желпілдер тұр). «Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: ойын алаңындағы ұсақ қоқыстарды жинап, шығару. Мақсат-міндеттер: жаупкершілікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелерін сақтау. "Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; бірігіп, шеңберде ойын ережесіне сай ойнауға ынталандыру; бір адамдай белгі бойынша, шеңбер бойымен біресе бір, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып, жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын дамыту;ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ақырын-ақырын итеріп, Әткеншекті қозғалтамыз. Жылдам-жылдам жүгіріп, Шеңберді айналдырамыз. Д. Ахметова.
Серуеннен оралу	(танымдық іс-әрекет, мәдени-гигиеналық дағдылар) Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру. Басқа адамдарға (топтастарына) қолдау көрсетуге, көмек беруге баулу. Киімдерін ретпен шешіп, шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қолды (жеңді түріп, қолды сабындап, суды шашыратпай, қол тазарғанша) жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Айна алдында үсті-басын ретке келтіріп, шашын тарау. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. «Үнемділік». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарай білуді қалыптастыру. "Судың сұрауы бар". (қазақ мәтелі)				
Кешкі ас	Гигиеналық дағдылар Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Үнемділік». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау. Көркемсөз Су ағызып шүмектен,				

	Беті-қолды жуамын. Мойын, мұрын, құлақты, Тазалатып тұрамын! (мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)				
	Қазақ тілі "Ы, І дыбыстары" Мақсат-міндеттері. Фонематикалық естуді дамыту, қазақ тіліне тән дыбыстарды айтуға дағдыландыру. Балаларға [-ы], [-і] дыбыстарымен таныстыру. Ы ы, І і әріптерін ауада жазып көрсету; [-ы], [-і] дыбыстарының нақты артикуляциялық қалпын қалыптастыру, есту арқылы ажыратуды үйрету; буындарда, сөздерде дұрыс айтуды дағдыландыру; [-ы], [-і] дыбыстарының сөздің кез келген жерінде (сөздің басында, ортасында, аяғында) табуды жаттықтыру; [-ы], [-і] дыбыстарын сөздерде есту, мысал келтіру, сол сөздерді қатыстырып қарапайым сөйлем құрастыру арқылы сөздік қорларын толықтыру. Математика негіздері "Құстар жылы жаққа ұшуға дайындалып жатыр" Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы «бес» саны мен цифры туралы түсініктерін кеңейту, беске дейін жылдам санау дағысын қалыптастыру. Құстарды қыстап қалу немесе жылы жаққа ұшып кетуіне байланысты топтастыруды бекіту; бес санының құрамы жайында түсініктер беру; құстарға қамқорлық танытуға, ұқыптылыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу.	құрметтеуге тәрбиелеу. Зерттеу қызметіне ұмтылысын дамыту. Көркем әдебиет «Орман дәрігері» ертегісі. Мақсат-міндеттері. «Орман дәрігері» ертегісін эмоционалды қабылдауға үйрету, сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру; ертегі кейіпкерлерінің жағымды-жағымсыз қасиеттерін көре білуге баулу. Математика негіздері "Үйірімге қосылған құстар санын санайық" Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымында «бес» саны туралы түсінік қалыптастыру, оның таңбасын тану, дұрыс атау іскерлігін жетілдіру; саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару; «бес» жиын санын құрайтын екі ең кіші элемент түрлері жайлы түсінігін дамыту; «төрт» пен «бес» сандарының көрнекілік негізінде беттестіру және тұсына қою тәсілдерінің пайда болуын көрсете білу қабілетін дамыту; адам тіршілігінің құстарға әсері туралы экологиялық білімдерін жетілдіру.	әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу. Музыка "Көкек". Мақсат-міндеттері. Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажыратуға үйретуді жалғастыру. Қазақ халық аспаптары: домбыра үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, "күй" жанрымен, күйші Дина шығармасымен таныстыру. Ән айту дағдыларын қалыптастыру. Музыка әуенімен бірге би ырғақтарын үйлесімді жасай білу дағдысын дамыту. Балаларды музыкалық аспаптардың дыбыстарын ажыратуға үйрету. Дене тәрбиесі "Басына қапшық қойып, бір жақ жанымен жүру" Мақсат-міндеттері. Балаларға басына қапшық қойып, арқан үстімен бір жақ жанымен жүруді үйрету және допты тура домалату дағдысын жетілдіру. Балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: шыдамдылық, икемділікті дамыту.	Мақсат-міндеттері. Г. Х. Андерсеннің «Ұсқынсыз үйрек» ертегісінің мазмұнымен таныстыру; ертегінің мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, сұрақтарға қысқа немесе толық жауап беруге баулу; құстардың дыбыстарының ерекшеліктерін көрсететін сөздерді айту, етістіктерді алмастыру дағдыларын, сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту; құстардың дыбыс шығаруының ерекшеліктері туралы білімдерін бекіту. Музыка "Көкектің әні". Мақсат-міндеттері. Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажыратуға үйретуді жалғастыру. Қазақ халық аспаптары: домбыра үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, "күй" жанрымен, күйші Дина шығармасымен таныстыруды жалғастыру. Ән айту дағдыларын жетілдіру. Музыка әуенімен бірге би ырғақтарын үйлесімді жасай білу дағдысын пысықтау. Балаларды музыкалық аспаптардың дыбыстарын ажыратуға үйрету. Құрастыру "Бидай алқабы". Мақсат-міндеттері. Балаларды "квиллинг" құрастыру әдісімен таныстыру; қағаз жолақшаларын орау техникасына үйрету.	қарай [о] дыбысының дауысты дыбыс екенін, жуан естілетінін өздеріне анықтатқызу. Сөздің мағынасына қызығушылық тудыру. Сөздерге дыбыстық талдау жасау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты О дыбысын анықтау. Сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Математика негіздері "Бір үйірдегі құстардың санын санайық (Бекіту)" Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымында «бес» саны туралы түсініктерді бекіту, осы санды екі ең аз элементтерден құрау білігін дамыту. Саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару. «Төрт» және «бес» сандарының шығу тегін көрнекі түрде әртүрлі тәсілдермен көрсету білігін дамыту; жыл құстарының тіршілігі туралы білімді жетілдіру; байқампаздық, зияткерлік қабілеттерін тәрбиелеу. Дене тәрбиесі "Добым, добым, домалақ" Мақсат-міндеттері. Балаларға шашырап жүруді; кедергілерден өтіп жүгіруді; доғаның астымен еңбектеуді (биіктігі 50 см) үйрету. Балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: шыдамдылық, икемділікті дамыту.
2-ші таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуенге дайындық	(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) Мақсат-міндеттері: «Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». Балалардың жеке бас қауіпсіздігі және денсаулықты сақтау қауіпсіздігі, табиғатты сақтауға қатысты қарапайым ережелерді қайталау, белгілеу; "дұрыс" не "дұрыс емес" үшін жауапкершілікті сезіне білуге көмектесу; зеректікке, сыпайылыққа тәрбиелеу. Балалар, күн райы Өзгереді күн сайын. Біресе жел соғып, Біресе шуақ шашып, Күніне жүз құбылып, Қуантады әрдайым. Ойланайық, сондықтан Далаға шығар алдында: Болжап алып күн райын,				

	Құбылмалы сипатын, Күнге қарай киініп, Қуанып ойнап жүрейік. (Д.Ахметова)				
Серуен	Ауа райын бақылау. Күз. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Күз мезгіліне тән тірі және өлі табиғаттағы маусымдық құбылыстарды (жапырақтардың түсуі) байқауға; арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылауға үйрету; "өлі табиғат" ұғымын тиянақтау (ауа, күн, бұлт, жел, жаңбыр); қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру. Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу. Сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу. Қадыр Мырза Әлі «Күз». Күз де келді, күз келді, Күдерін жаз үзген-ді. Күз де келді, күз келді, Көкте бұлттар жүзді енді. Күз де келді, күз келді, Құстар мекен іздеді. Күз де келді, күз келді, Қондырмады түзге елді. Күз де келді, күз келді, Керек оқу бізге енді. Балаларға күз мезгілінің айларын атауды, ауа-райының күздің басындағы және ортасындағы байқалған айырмашылықтарын табуды ұсыну. «Тауық қорасындағы түлкі» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: жалтарып жылдам жүгіре білуге, қимылдарды үлестіруге дағдыландыру; күш-жігерді шапшаңдықты, шыдамдылықты дамыту. Қимылдауда қауіпсіздікті қалағалау. Алаңның бір жағында «тауық қора» орналасады. Ол үшін орны сызылады. Бұл жерге тауық, балапандарды сомдайтын балалар жиналады. Алаңның қарама-қарсы жағында «түлкінің іні» орны сызылып, түлкіні сомдайтын бала санамақпен таңдалады. "Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта екі аяқпен жылжып, бағытты өзгертіп секіруге дағдыландыру. Балалардың секіретін жолының бойына	Құстарды бақылау. Зерттеу: "Күз мезгілінде қалалық жердегі құстар не жейді?" (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардың құстардың сыртқы түр-түсі, тіршілік етуі, мінез-құлық ерекшеліктері және оларды қоршаған ортаға бейімделуі туралы білімдерін кеңейту; құстарға сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу. Сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу. - Құстар не жегенді ұнатады? - Қоректі қайдан табады? - Құстар туралы не білетінімізді еске түсірейік? Тапсырма: құстарды бақылау. Білу керек: күзде құстар не жейді, қаладан қоректі қайдан табады. - Балалар, тапсырма түсінікті ме? - Құстарды бақылау ережесін еске түсірейік. Құстарды бақылау ережесі. Құстар өте үркек. Құстардың қасында тыныштық сақтап, шуламай жүру керек. Құстарға қарай жүгіруге болмайды, олардың демалуына немесе қоректенуіне кедергі жасайсыңдар. Құстарға тас атуға немесе таяқ лақтыруға болмайды. Құстар тірі, олардың да денесі ауырады. Қорытынды: қалада тіршілік ететін құстар әртүрлі қорек жейді; құстар жәндіктерді аулайды. «Адал азамат. Өз ісіне жауап беру». «Табиғат сыйларын жина» еңбек тапсырмасы (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері: Берілген тапсырманы жауапкершілікпен орындау, ұқыптылық, дербестік және еңбекке құрметпен қарау қасиеттерін дамыту. Қарапайым экологиялық ұғымдарды, адамның табиғаттың бір бөлігі екенін және оны қорғау негіздерін қалау; табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезіне білуге тәрбиелеу. "Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)	Құстардың дыбыстары. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Жыл құстары мен қыстайтын құстарды, сондай-ақ дыбыстарынан, ажырата білу қабілетін дамыт, құстардың күзгі тіршілігі туралы білімдерін кеңейту; құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау; сөздік қорын байыту. Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу. Сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу. Құстар қалай үн қатады? Тырналар – тыраулайды. Аққу– қиқулайды. Қарлығаш– шықылықтайды. Бұлбұл – сайрайды. Қаз – қаңқылдайды. Үйрек – барқылдайды Бүркіт – саңқылдайды, бістәктайды. Торғай – шырылдайды. Қарға – қарқылдайды. Сауысқан – шықылықтайды. Торғай – шиқылдайды. Көгершін, үкі – уілдейді. Тоқылдақ – тоқылдайды. Бөдене – бытпылдайды. Балалардың құстарды не себептен жыл құстары және қыстайтын құстар болып бөлетінін түсіндіруге шақыру. «Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: балабақша алаңында жапырақты тазартуға сыпырушыға көмектесу. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Мақсатқа бірлескен күш-жігермен жете отырып, бірлесіп жұмыс істеу қабілетін бекіту; бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, жауапкершілікке баулу. Қауіпсіздік. Еңбектегі қауіпсіздік ережелерін қайталау, қадағалау. "Қарақұс пен балапандар" қимыл-қазғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Тәрбиешінің бұйрықтарын тыңдауды үйрету, зейінді дамыту; шапшаңдыққа, алғырлыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу.	Саябақтағы құстарды бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Құстардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау, жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата білу, құстардың пайдасы туралы білуге тәрбиелеу. Құстарды адамның достары ретінде қабылдай білу дағдыларына машықтану. Аулаларыңда немесе жақын маңдағы саябақта құстарды бақылауды ұсыну. Құстар адамдарды көргенде жасырынып қалатыны немесе ұшып кететінін бақылау. Құстардың адамның мекеніне жақын жерге қоныстанатынына көңіл аудару. Құстардың жылдың әр мезгілінде тіршілік етуінің ерекшеліктерін салыстыру және зерттеу. Құстардың қауырсындарын қарастыру. Әңгімелесу: - Өздеріңе жақын жерде тұратын құстар туралы не білесіңдер? Олар немен және қалай қоректенеді? Қайда ұшады, қайда ұя салғанды ұнатады? Көркемсөз Шыр-шыр еткен торғайды, Қорғамасаң, болмайды. Кіп-кішкене торғайлар Ағаштарды қорғайды. Таспен атып торғайды Ұя бұзған оңбайды. Құс өкпелеп кетеді, Бақшамызға қонбайды. «Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын еңбек тапсырмалары: ауланы бұтақтар мен тастардан тазарту. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеуге, істелген жұмыстан рақат алуды үйретуді жалғастыру; бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, жауапкершілікке баулу. Қауіпсіздік. Еңбектегі қауіпсіздік ережелерін қайталау, қадағалау. "Бұғы аулаушылар" қимыл-қозғалыс	Көгершіндерді бақылау. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Көгершіннің сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау, пайдасын білуге ынталандыру, адамның оларға қалай қамқор болатынын, жабайы көгершіндердің «Қызыл кітапқа» не үшін енгізілгенін нақтылау. Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу. Сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу. Зерттеу. Көгершін мен тоқылдақты салыстыру. "Құстың қауырсыны кімге барады?" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Қарлығашпын мен, Адамның тұрағымын. Мекен етіп тұрамын, Тазалаймын үй ішін. Ел аузында мақтаулы, Тазалықшымын төселген. Жұмбақтар Бұдыр-бұдыр балшықты, Жинады да талшықты. Ұқсатып қамытқа, Үй салды жабыққа. (Қарлығаш.) Ұзақ тектес құс, Шіркей жеп. Ауыл маңынан Ұзап кетпес құс. (Қараторғай.) Екі айыр құйрығы, Қияқ мұрт қанаты, Үшқырлардың жүйрігі. (Қарлығаш.) «Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым тапсырмалары: балабақша аумағында жемшашарларды ілу. (танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Еңбек әрекеттерін орындауды үйрету; шамасы келетін тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға баулу.

	әрқалай орналасқан шақпақтар немесе шеңберлер салынады (немесе шеңберлер төселінеді). Күрделенуі: 1) сызықтардан уақытқа жылдам секіруге шақыру. "Допты бастаушыға" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсаты: допты лақтырып және екі қолымен қағып алуға жаттықтыру; щапшаңдыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу. «Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: серуенге шығарылған ойыншықтар мен жабдықтарды жинақтау. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестікке, жауапкершілікке, тазалыққа баулу. Өз еркімен ойындар. (дене тәрбиесі, қарым-қатынас іс-әрекеті)	Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартына сай қимылдауға, жалтарып жылдам жүгіруге немесе бір орында қозғалмай тұруға дағдыландыру; қимылдарды үйлестіру, зерек болуға бейімдеу; әділ ойнауға тәрбиелеу. "Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; бірігіп, шеңберде ойын ережесіне сай ойнауға ынталандыру; бір адамдай белгі бойынша, шеңбер бойымен біресе бір, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып, жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын дамыту;ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ақырын-ақырын итеріп, Әткеншекті қозғалтамыз. Жылдам-жылдам жүгіріп, Шеңберді айналдырамыз. Д. Ахметова. "Допты қуып жетіңдер!" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Серуенде қимылды ойындарға қатысуға қызығушылықты арттыру. Балалардың доп ойындарына қызығушылықтарын арттыру; допты тура бағытта домалатып, оны қуып жетуге дағдыландыру; шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу; достыққа тәрбиелеу.	Ойыншылар "қарақұс" пен "тауықты" санамақ арқылы таңдайды. "Ақ сандық, көк сандық" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; ойын шартын бұзбай ойнай білуге дағдыландыру; ойын жүргізушіні мұқият тыңдай білуге, шыдамдылыққа, шапшаңдыққа баулу. Екі бала бір-біріне арқаларын беріп, қол ұстасып отыру керек. Жүргізуші былай жариялайды: Ертең ауылым көшеді, Уық-буын шешеді. Қара қойым қашады, Құмалағын шашады. Ақ сандық, көк сандық, Арқан тарт, кілем арт! Балалар "арт" сөзін естісе, бұны белгі деп түсініп, қол ұстасып, тез тұруы керек. Қайсы қарсыласын арқалап кетсе, сол шарт қояды. "Допты қақпаға түсіру" қимылды ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату, "қақпаға"допті өткізуді, дәлдікке, шапшаңдыққа баулу. Тәрбиеші балаларды доп (немесе әртүрлі шарлармен) ойнауға шақырады, балалар жиналған жерде сызық жүргізеді. Сызықтан 1-1,5м жерде кішкентай қақпа тұрғызылады. Еркін ойындар.	ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды ойынның шарты бойынша әртүрлі бағытта жалтарып, қимылдарды үйлестіріп, бір-біріне соқтықпай жүгіруге дағдыландыру; дене бұлшық еттерін нығайту, ептілікті, жылдамдықты дамыту. "Суық-ыстық" аз қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Есту қасиеттерін, физикалық қасиеттерін дамыту. Жүргізуші затты жасыратын кезде оған қарауға болмайды. Жүргізуші залдан кетеді, балалар затты жасырады. Осыдан кейін жүргізуші кіріп, бөлмеден затты іздейді. Балалар оның соңынан еріп: суық ... жылы ... ыстық ... (сөздерін айтып жасырылған затты табуға көмектеседі). «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Қазан». (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу, қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу. Оң және сол қолымен 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықтан лақтыруды үйрету, белгі бойынша әрекет ету біліктіліктерін дамыту. Еркін ойындар.	"Ұя басқан тауық пен балапандар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды епті, мұқият болуға тәрбиелеу. Балалар балапандарды, ал тәрбиеші ұя басқан тауықтың рөлін ойнайды. Бөлменің немесе алаңның бір жағында қоршалған орын үй болады (жалаушалар тізбектеле жіп 40-50 см биіктіктегі ағаштардың немесе бағандарының арасымен тартылады). Үйде балапандарымен ұя басқан тауық отырады жем іздеп кетеді. Біраз уақыттан кейін ол: «Ко-ко-ко-ко» деп балапандарын шақырады. Бұл сигналда естіген балапандар жіптің астынан өтіп, тауыққа келеді. "Ұшу, секіру, жүзу" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды жүгіруге жаттықтыру; балықтар, құстар, жануарлардың аттарын бекіту. "Нысанаға тигіз" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Қапшықты нысанаға көзбен мөлшерлеп, лақтыруды жетілдіру; күшін дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар: "Кеглиді құлат" (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Допты нысанаға лақтыруды үйрету; дәлдікті, зейінді дамыту.
Серуеннен оралу	(танымдық іс-әрекет, мәдени-гигиеналық дағдылар) Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру. Басқа адамдарға (топтастарына) қолдау көрсетуге, көмек беруге баулу. Киімдерін ретпен шешіп, шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қолды (жеңді түріп, қолды сабындап, суды шашыратпай, қол тазарғанша) жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Айна алдында үсті-басын ретке келтіріп, шашын тарау. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. «Үнемділік». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарай білуді қалыптастыру. "Судың сұрауы бар". (қазақ мәтелі) «Адал азамат. Өз ісіне жауап беру». «Киімімді өзім жинаймын» еңбек тапсырмасы (танымдық іс-әрекет) Мақсат-міндеттері: Жеке заттарына жауапкершілікпен қарау, ұқыптылық қасиеттерін дамыту. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. https://bilimkids.kz/kk/regime-process/7100?l=92&l=94 Тапсырма: Серуеннен келген соң балалар сырт киімдері мен аяқ киімдерін өз шкафтарына ұқыпты орналастырады.				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.				

	«Үнемділік». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау. Көркемсөз Үсті-басым ұқыпты, Таза жүрем әрдайым. Жолатпаймын кірді мен, Тазалықты таңдаймын! (мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйренеді. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдайды. (музыка)	«Мобильді кітапхана». «Бір күнде бір ертегі» дәстүрлі іс-шарасы. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері: балаларға таңдаулары бойынша күн сайын 10-15 минут ертегі оқып беру; кітапқа қызығушылығын арттыру; әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау.	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Ақ қасқыр» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі))	Ертегінің желісіне қызығушылық танытады. "Мақта қыз бен мысық" ертегісін оқып беру. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Билейтін аю» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі) https://bilimkids.kz/media/video/bileitin-ayu (қарым-қатынас іс-әрекеті)
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	"Мысықтың ызалануы" жаттығуы (тіземен тұру, белді бүкірейту, басты төмен түсіру). Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекіту, мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары. "Өз төсегімізді жинауды үйренеміз". Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, өзіне-өзі қызмет етуде дербестік пен жауапкершілікке баулу; өз төсегіне күтім жасауға дағдыландыру; ұқыптылыққа тәрбиелеу. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару. Салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыру: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су сияқты факторлар туралы түсініктерді кеңейту. Сауықтыру-шынықтыру шараларын өз бетінше жүргізуге дағдыландыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту. "Сауықтыру жолағымен жүру".				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Жас зерттеуші: "Желдің күші" (зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер: балалардың жел туралы түсініктерін қалыптастыру; желмен тәжірибелік жұмыс жасауға үйрету. Дамытушы ойын. "Құстардың көлеңкесі". (зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет) Мақсат-міндеттері. Балаларға әр құстың көлеңкесін тауып, орнына орналастыруды үйрету. Тілдерін дамыту. Құстардың атауын атауды, сөзбен сипаттауды үйрету. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Бояу беттеріндегі суреттерді бояу. Мақсат-міндеттері. Балалардың қуанышты эмоцияларын ояту. (шығармашылық іс-әрекет) «Мобильді кітапхана. Әдеби кездесу: «Кітаппен келген қонақ» (қарым-қатынас, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет) Мақсат-міндеттері. жергілікті ақындар мен жазушылардың шығармашылығымен заманауи форматта таныстыру. Ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.	Сурет салудан ойын-жаттығу. "Тауыс". (шығармашылық іс-әрекет) Мақсат-міндеттері. Балаларды қағаздың ортасына, оның толық бетін пайдаланып, тауыс бейнесін салу амалдарын игерту. «Қаржылық сауаттылық». «Ақша жинақтайтын сандықша» дидактикалық ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері: балалардың ақша туралы түсініктерін кеңейту. Материалдар: ақша жинайтын сандықша, монеталар. Барысы: балаларға монеталар мен жинақ сандықша ұсынылады. Тәрбиеші балаларға жұмбақтар жасырады, дұрыс жауап берген балаға монета беріледі, оны жинақ сандықшаға салады. Жұмбақтардың шешуін тауып болғаннан кейін балалар жинақ сандықшадағы монеталарды санайды. "Түлкі мен тырна" ертегісін сахналау. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, мимикасын беру. Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу,	"Ұшты-ұшты" дидактикалық ойыны. (дене тірбиесі) Мақсат-міндеттері. Есту зейінін дамыту. Балаларды ұшатын және ұшпайтын заттарды тануды үйрету. Зейін, еске сақтау, сөйлеу және логикалық ойлауды дамыту. Құстарды құрметтеуге тәрбиелеу. Ұшты-ұшты, сұңқар ұшты! (қол көтереді) Ұшты-ұшты, қарға ұшты! (қол көтереді) Ұшты-ұшты, арба ұшты! (қол көтермейді) Боямақпен жаттығулар (шығармашылық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру, түстерді өз қалауы бойынша таңдау. Бейненің сұлбасы сыртына шықпай қарындаш, фломастермен штрихтап бояуды жетілдіру. «Қаржылық сауаттылық». «Менің болашақ мамандығым» ойыны. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-	**Вариативтік компонент** Мүсіндеу. "Құстарға ұя жасаймыз". (шығармашылық іс-әрекет) Мақсат-міндеттері. Балаларды жыл құстары туралы білімдерін кеңейту, қыстап қалатын құстарға ұя не үшін керектігі туралы мәлімет беру. Адал азамат: «Табиғатты қорғау». Дидактикалық ойын: «Экологиялық бағдаршам» (танымдық іс-әрекет, зертту іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері: Балалардың табиғатты қорғау, қоршаған ортаға ұқыпты қарау туралы түсініктерін қалыптастыру; табиғаттағы дұрыс және дұрыс емес әрекеттерді ажырата білуге үйрету. Адам өмірі үшін судың, құмның, күн, ай сәулесінің, саздың, тастардың маңызын түсінуге көмектесу. Балалардың экологиялық білімдерін кеңейту; табиғатқа қамқорлықпен қарау дағдыларын қалыптастыру; қоршаған ортаға зиян келтіретін және пайдалы әрекеттерді ажыратуға үйрету; өз ойын қысқаша әрі түсінікті жеткізуге үйрету; табиғатты қорғауға деген жауапкершілік пен	Логикалық ойын. "Бұл бұрын не болған?" (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардың қоршаған заттар мен құбылыстар жайында, адамның тұрмыс-тіршілігі, жануарлардың тіршілігі жайындағы білімдерін тиянақтау; табиғат құбылыстары арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды байқай білуді, логикалық ойлау, еске сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; тапқырлыққа, ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Заттық суреттер немесе мнемокарточкалар болуы мүмкін. Педагог тапсырмаларды сөз арқылы ғана беруі мүмкін. «Өнегелі тәрбие». Сюжетті-рөлдік ойын «Аэропорт». (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Міндеттері: Арнайы көлік құралдарының түрлері (ұшақ) туралы түсініктерді жетілдіру. Әртүрлі мамандықтар (әуежай және ұшақ қызметкерлері) туралы түсініктерді кеңейту. Қоғамдық орындарда мінез-

	Туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру.	онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру.	әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балаларға "табыс көзі" ұғымы жайында, табыстың негіздінде уақыт, білім мен қабілеттер, қойылған нәтижеге жету жатқаны туралы түсіндіру; мамандықтар туралы түсініктер қалыптастыру; еңбекті және адамдардың еңбегін құрметтеуге баулу. Ата-аналардың және басқа ересектердің еңбектерімен таныстыру (тәрбиеші, дәрігер, сатушы, құрылысшы және т. б.). Мамандықтар туралы иллюстрациялар қарастыру және әңгімелесу. Балалардың өздері таңдаған мамандықтар туралы әңгімелерін тыңдау. Табыс көзі неде болатынын анықтау. Бұл балаларға еңбек пен ақша табудың өзара байланысын түсінуге көмектесу.	сүйіспеншілікті тәрбиелеу. “Құстардың ұшып келуі” қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балалардың денсаулыққа, ойынға құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл күйлерін көтеру. Балаларды саламатты өмір салтына тәрбиелеу. Ойынның барысы. Балалар (құстар) қанаттарын жайып, алаңның барлық жеріне ұшады. “Боран” деген белгі бойынша құстар ағаштарға тығылады. Тәрбиеші “Боран тыныштады” деген кезде ағаштардан жерге түседі, ұша бастайды.	құлық ережелері туралы түсініктерін кеңейту. Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру. Егер белгілі бір ережелер сақталмаған жағдайда не болатынын балалармен талқылау. Өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындамау, олардың соңынан ермеу). Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу.
Балалармен жеке жұмыс	Осы мерзімдегі "Балалармен жеке жұмыс" бөлімшесі бастапқы мониторинг нәтижелеріне сәйкес толтырылады.	Осы мерзімдегі "Балалармен жеке жұмыс" бөлімшесі бастапқы мониторинг нәтижелеріне сәйкес толтырылады.	Осы мерзімдегі "Балалармен жеке жұмыс" бөлімшесі бастапқы мониторинг нәтижелеріне сәйкес толтырылады.	Осы мерзімдегі "Балалармен жеке жұмыс" бөлімшесі бастапқы мониторинг нәтижелеріне сәйкес толтырылады.	Осы мерзімдегі "Балалармен жеке жұмыс" бөлімшесі бастапқы мониторинг нәтижелеріне сәйкес толтырылады.
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) «Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». Балалардың жеке бас қауіпсіздігі және денсаулықты сақтау қауіпсіздігі, табиғатты сақтауға қатысты қарапайым ережелерді қайталау, белгілеу; "дұрыс" не "дұрыс емес" үшін жауапкершілікті сезіне білуге көмектесу; зеректікке, сыпайылыққа тәрбиелеу.				
Серуен	Экология. Қайыңды бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардың тірі табиғат түрі, қайын ағашы, туралы білімдерін тиянақтау; қайыңға тән белгілерді атауға ынталандыру. Қауіпсіздік. Экология. Бақылау барысында қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету. Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтау, қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру, өсімдіктерге күтім жасауға баулу. Марфуға Айтқожина "Ақ қайыңдар" Ақ қайыңдар алқаптарды алқымдап, Кешкі арай жатыр шынды алтындап. Самал желмен желпінеді тау тұтас, Бой жазып бір таза ауада салқындап. «Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: ағаштардан түскен жапырақтарды үлеске еденінен жинау. Мақсат-міндеттері. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, жауапкершілікке баулу; жұмыс істеу	Құстарды бақылау. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Аула құстарының сыртқы түрінен тану қабілетін, құстарды бақылауға, олардың пайдасына қызығушылықтырын дамыту. Әңгімелесу: жазда құстар көп болатынына назар аударыңыз, олар әртүрлі дауыста ән айтады, балапандар туралы алаңдайды. Жаздың басында құстардың сайрағанын естисіз, бірақ оларды көру қиын: олар ұяларында отырады немесе жасыл жапырақтарда қалықтайды. Олардың кішкентай балапандары бар, оларды тамақтандыру және жылыту қажет. Құстардың қандай пайда әкелетінін айту, жұлдызқұрттардың не істеп жатқанын қадағалау, балалардың назарын қарлығаштар мен шымшықтың қаншалықты жылдам ұшатынына, жәндіктерді қалай аулайтынына назар аудару маңызды. Көркемсөз Жыл құстары келді деп, Балдырғандар мәз болды. Қос қанатты желпілдеп, Көлге үйрек-қаз қонды.	Желді бақылау. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. "Өлі табиғат" ұғымын жетілдіру (күн, бұлт, жел, жаңбыр); желдің бағытын, күшін тануға ынталандыру; табиғат құбылыстары арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну. Жұмбақ. Қанаты жоқ – ұшады, Аяғы жоқ – қашады. (Жел.) Бақылау: балалардың бақылау дағдыларын қалыптастыру; желдің соғуын анықтау; ағаштардың қозғалуы, бұлттардың аспанда көшіп жүруі, қатты желден ағаштардың жапырақтарының түсуі, желдің бағытын анықтау. Жаздың күні жел қандай болады; баяу жел, қатты жел, ағаш басының тербелуі; күзбен салыстыру. Тәжірибе. Желге қарсы жүгіру. Қорытынды. Желге қарсы жүгіру қиын. «Желбезекпен жүгіру» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Желбезекті қолға алып жарысу, кім	Аула сыпырушының жұмысын бақылау. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: балабақша қызметкерлерінің бірі ауланы сыпырушының еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау; еңбек нәтижесін бағалауды үйрету. "Көше тазалаушы". Таныссың ба, бала, менің ісіммен, Көшелерді сыпыратын кісі мен. Қалған-құтқан нәрселерді жұғымсыз Сыпырғышым сыпырады тынымсыз. Ескі-құсқы шүберекті, сүйекті, Қораптарды, түймелерді, тиекті. Шиқылдаған екі жақты арбамен Апарам да аударамын орға мен. Қадыр Мырзалиев Балаларға аула сыпырушының құрал-жабдықтарын атап, сол жабдықтарды жұмыста қалай қолданытынын көрсетуге шақыру. «Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын	Экология. Бұтақтарды бақылау. Қараған (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Туған өлкенің өсімдіктері бұталар туралы түсініктерін кеңейту Табиғаттың әдемілігіне сүйсінуге тәрбиелеу. Қараған – бұталар тұқымдасы. Қарағанның бұтақтары жеткілікті тармақталған, алтын немесе қоңыр қабығы бар түзу өседі. Кейде олар тікенектермен жабылған, олар жапырақтарының қалдықтары болып табылады. Ыдырайтын жапырақтар келесі ретпен немесе шоқтармен орналастырылады. Күз мезгілінде қараған жапырақтары түсіп қалады. Ағаш, шөп және бұта Өседі тау мен орманда, Жел мен суықты бөгеттеп, Ыстықта қалың көленкелеп. Бұндай ғажайыпты байқап, Өсімдіктерді күтіп, баптап, Адам бақтар салады, Табиғатты ұлғайтады. (Д. Ахметова)

